болатынын айқындады: «Іскер 1. Қолынан іс келетін, шебер, істің көзін білетін; пысық. 2. экон. Ұйымдастыру мәдениетінің елеулі нышаны, ұтымды ұйымдасқан, істің мүддесіне айқын бағдарланған белсенділік; қызметкердің қабілет-қарымы, еңбексүйгіштігі, өзінің кәсіптік міндеттеріне іскерлікпен қарауы, еңбек қызметін тиімді пайдаланып, қол астындағы қызметкерлердің қызметін ұйымдастырып, іске жұмылдыра білу қасиеті» [120].

Бұл дефиницияда зерттеуге алынған концептінің «қолынан іс келетін адам», «ұйымдастыру қабілеті жоғары», «іскерлік» секілді тірек белгілері айқын көрініс тапқан. Аталған концептінің жан-жақтылығы мен көпаспектілігі, оның басқа да концептілермен қиылысатынын көрсетеді:

«Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығы өз қанатының астына еліміздегі ең мықты, ең үздік, ең әдемі қыздарды жинап отыр. Жұдырықтай жұмылсақ, қашанда оңай, қауіпсіз әрі сенімді. Біз ерекше кезеңде, еркін елде өмір сүріп жатырмыз. Біз – жоғары білімді қазақстандық қоғамның бір бөлігіміз» [121].

«Әйелдер – отбасының тірегі, яғни мемлекет тірегі. Қыз, әйел – әрдайым біздің қоғамның тең құқылы мүшесі, ал анасы оның ең құрметті адамы». Көптеген әйел кәсіпкерлер жетістігінің рецепті қарапайым: жұмыс істеу және өз жұмысын жақсы көру. Мәселен, өзінің жеке косметикалық империясын құрған Эсте Лаудер: «Ешкім мені тоқтата алмады, мен сатқан нәрсеге сендім» деген екен. Қазіргі таңда республика бойынша кәсіпкер нәзік жандылардың үлесі 50 процент. Бұл көрсеткіш әйелдер кәсіпкерлігінің даму әлеуетінің жоғары екенін білдіреді» [122].

«Түркістан облысының бизнес ханымдары Түркістан қаласында бас қосып, әйелдер бизнесін дамыту жайында сөз қозғады. Өңіріміздің бірқатар іскер қыз-келіншектері «Бизнес мақтанышы», «Үздік кәсіпкер», «Әйел кәсіпкерлігіне қолдау көрсеткені үшін» номинациялары бойынша марапатталды» [123] және т.б.

Француз тілінде: «*Et Christine Nagel a pour mission de l'incarner. Le visage de cette femme élégante de 59 ans, au regard gourmand malgré d'épaisses lunettes, était déjà connu des magazines avant sa nomination au sein d'Hermès. M^{me} Nagel n'a pourtant pas le pedigree des nez qui travaillent pour les grandes maisons. Elle n'est pas née à proximité des alambics. Chez Chanel, Olivier Polge a succédé à son père en 2015, en tant que nez exclusif de la maison connue pour son N°5. François Demachy, parfumeur-créateur chez Christian Dior, a, quant à lui, été élevé à Grasse (Alpes-Maritimes). Jacques Cavallier-Belletrud, maître parfumeur chez Louis Vuitton depuis 2012, fils et petit-fils de parfumeurs, est né dans ce berceau de la parfumerie hexagonale. Enfin, chez Guerlain, Jean-Paul Guerlain a transmis le livre des formules de la maison mère de Shalimar à Thierry Wasser. En 2008, il en a fait son fils spirituel. Rien de tel pour Christine Nagel: elle n'est pas «fille de», n'a pas suivi de formation en parfumerie et n'est pas originaire de Grasse. De surcroît, elle est femme dans un microcosme dominé par les hommes – on ne compte que 500 nez dans le monde, c'est moins que le nombre d'astronautes, rappelle-t-elle* » («59 жастағы талғампаз әйел Кристие Нагель өзінің көзілдірік жиегінің жуандығына

карамастан, Hermès-ке тағайындалмас бұрын да журналдарда *танымал* болған. Алайда Кристин Нагель аталған салаға қатысты ауқымды кәсіпкерлікке тән келетін *тектілер ортасының тумасы болған жоқ*. Оның ондай *тектілерге қатысы да жоқ*. Мысалы, әйгілі нөмірі 5-пен ерекшеленетін Chanel-де Оливье Полж 2015 жылы өзінің әкесінің орнына тағайындалды. Ал Christian Dior парфюмериясының іргесін қалаушы Франсуа Демахи Грассада (Теңіз жағалауындағы Альптер) туып-өскен. 2012 жылдан бері Louis Vuitton-ның парфюмерия шебері Жак Кавалье-Беллетруд француздың осы аталған парфюмерия қара шаңырағында туып, *атақты парфюмерлердің ісін жалғастырушы, баласы әрі немересі болып келеді*. Сондай-ақ Guerlain-дағы Жан-Поль Герлен анасының Шалимар компаниясының атынан формулалар кітабын Тьерри Вассерге табыс еткен. Ал 2008 жылы оны өзінің *өкіл, рухани баласы* ретінде қабылдап мойындады. Мұның ешқайсысының да Кристин Нагельге қатысы жоқ: *ол атақты парфюмердің «қызы» да емес, арнайы парфюмерлік дайындықтан да өтпеген, Грассадан да емес*. Оның үстіне, ол ерлер үстемділігі орын алған микроғарыштағы *дара әйел*. Әлем бойынша бұл саладағы ерлер саны 500-дей ғана. Бұл ғарышкерлер санынан да аз – деп еске алады Кристин Нагель») [124].

«...*les femmes travaillent davantage. Pour moi, c'est une des choses essentielles : la femme doit avoir son indépendance économique... Seulement cela n'empêche pas qu'elle concilie toujours son travail à la maison...Il faut que ce soit elle, même si elle est un grand patron, une chirurgienne réputée, il faut que ce soit elle qui fasse ensuite le ménage, la cuisine, mette le couvert, etc., qui fasse les courses, et elle a donc une double charge* » («...әйелдер көбірек жұмыс істейді. Мен үшін бұл маңызды дүниелердің бірі: әйелдердің өзінің *экономикалық тәуелсіздігі болуы қажет*... Бірақ та бұл, әрқашан оған *жұмыс пен үй шаруасын қатар* алып жүруіне кедергі жасамайды. Ол сондай болуы керек те. Ол үлкен бастық, танымал хируруг болса да, одан кейін *үй жинайтын, тамақ әзірлейтін, ыдыс-аяқ жуатын т.б. істейтін адам*. Ол керек-жарақты сатып әкелуші, сол себепті қос зарядты тұлға») [125].

«*Simplement, il arrive très souvent que, si les femmes réussissent sur ce plan-là, elles se désolidarisent des autres femmes et elles pensent que, si elles ont réussi, n'importe qui peut réussir. Or c'est complètement faux parce que, si l'on réussit, c'est par des chances, ou de naissance, ou de vie, ou d'argent, et cela ne prouve pas du tout que la situation des femmes en est changée* » («Қарапайым сөзбен айтқанда, өте жиі кездесетін жағдайлардың бірі: қандай да бір жетістікке қолы жеткен әйелдер өздерін *басқа әйелдерден жоғары санап*, егер *табысты* болу олардың қолдарынан келген болса, онда *кез келген басқа әйел де табысты бола алады* деп ойлайды. Алайда іс жүзінде бұл мүлдем олай емес. Егер біреулері жетістікке кенелген болса, онда бұл заңдылықтан гөрі *кездейсоқтық, туған ортасына, өмірінің, тұрмысының қолайлығы немесе қаржы-қаражат арқасында жүзеге асқан және бұл әйелдердің ахуал-жағдайы өзгерді* дегеннің дәлелі емес») [125] және т.б.

Байқағанымыздай, медиамәтін кеңістігінде зерттеуге алған концептіміздің негізгі семантика-когнитивтік предикациясының бірнеше деңгейлерін аңғаруға болады: а) екі тілге де ортақ деңгейлер: *«жоғары білімді; ең мықты, ең үздік, ең әдемі; нәзік жандылар»*; *«өз жұмысын жақсы көретін»*; *«отбасының тірегі; жұмыс пен үй шаруасын қатар алып жүретін; үй жинайтын, тамақ әзірлейтін, ыдыс-аяқ жуатын т.б. істейтін адам»*; *«экономикалық тұрғыдан тәуелсіз әйел»*; *«өздерін басқа әйелдерден жоғары санап, егер өзі табысты болса, кез келген басқа әйел де табысты бола алады деп ойлайтын»* т.б.; ә) тек француз тілінде кездескен: *«журналдар т.б. арқылы қоғамда танымал болу»*; *«табысқа жетуі кездейсоқтық, туған ортасына, өмірінің, тұрмысының қолайлығы немесе қаржы-қаражат арқасында жүзеге асқан әйел»* т.б.

Жалпы қазақстандық және француздық БАҚ тақырыптарын талдау тілдік сипаттамалардың прагматикалық, стилистикалық және вербальды мазмұндық сипаттамалармен сәйкес келетінін анықтайды. Сонымен қатар, қазақ және француз газеттерінің құрылымы мен мазмұнын талдау барысында басқа да көптеген ұқсастықтар анықталды: атаулары, жанрлары, тақырыптары ұқсас, бір кейіпкер – іскер әйел, стильдік жағынан ұқсас тіл. Мысалы, тақырыптар: Дилара Гумерова: Менің шоколад әлемім [126]; Айдана Омарова: Табысты болу үшін әйел өзін-өзі дамытуы керек [127]; Изабель Мэй, MyTheresa: «Мансап сізге сенетіндермен бірге құрылады» [128]; Анаис Джорджлин, SoManyWays негізін қалаушы: «Сіз арманыңыздағы өмірді бірден құрмайсыз» [129]. Бұл ақпараттық-сұхбат жанрындағы мақалалар, кейіпкерлер - өз ісімен айналысатын, жас, әдемі, өршіл, ақылды әйелдер.

Қазақ және француз медиамәтіндерінің талданымы, жалпы алғанда, тілдік ерекшеліктердің жұмсалымдық-прагматикалық, мазмұндық және стилистикалық-сөйлеу тұрғысынан біршама сәйкес келетінін айқындайды. Мәселен, француз медиамәтіндерінің тілі де тиісті дәрежеде эмоционалды, экспрессивті, онда көптеген көркем және бағалауыштық құралдар байқалады. Ол да басқа түрлі сөйлеу құралдарға (жаргондарға, ауызекі сөйлеу лексикасына, фразеологияға, кәсіби сөздерге, т.б.) ашықтығымен сипатталады. Француз публицистикасына да қазақ публицистикасына тән мынадай белгілер сай келеді екен: полемикалық, эмоционалдылық және айқын бағалауыштық. Сонымен қатар, қазақ және француз газеттерін құрылымдық-мазмұндық талдау барысында, олардың басқа да көптеген ортақ белгілерлерін анықтауға мүмкіндік болды: ұқсас айдарлар, жанрлар, тақырыптар, бір кейіпкер – «іскер әйел», стилистикалық тұрғыдан жақын тіл т.б.

Осы тұрғыдан келгенде, біздің жұмысымыз үшін өте маңызды тұстардың бірі – медиамәтіндер арқылы қалыптастырылатын тағы бір «әйел» бейнесімен біздің зерттеу концептіміздің аражігін ажырату мәселесі болып табылады. Өз алдына ол да концепт болып саналады – *«табысты әйел»* («жеңісті», «жетістікті» – «успешная женщина»). Біз жұмысымызда көптеген аударма нұсқаларының ішінен *«табысты»* лексемасын қолданғанды жөн санадық. Өйткені үлкен «Орысша-қазақша сөздікте» бұл сөздің аудармасы төмендегідей

келтірілген: «УСПЕХ м. 1. (удача) табыс; *полный* ~ айтарлықтай табыс; *добиться* ~а табысқа жету; 2. *успехи* мн. жетістік, сабақ үлгеру; *ученик сделал большие* ~и оқушы үлкен жетістіктерге жетті; 3. (*общественное одобрение*) көпшілікке ұнау, мадақтау; *книга имеет* ~ кітап көпшілікке ұнады; \diamond *с* ~ом табыспен, ойдағыдай, көңілдегідей; *с тем же* ~ом дәл сондай табыспен»; «УСПЕШНЫЙ, -ая, -ое табысты, жетістікті, жемісті; ~ый *ход работы* жұмыстың жемісті барысы» [130].

Алайда, көп жағдайда қазақ медиадискурстарында бұл концептілер ажыратыла бермейді, керісінше тіпті бір ұғым деп қабылданатын жайлар жиі орын алады: «*Аида Кауменова – әдемі, сәнді, көркем pret-a-porter de lux коллекциясын шығарушы, табысты әрі жас дизайнер. Аида 5 жылдан бері өзінің жеке маркасында брендті киімдер шығаруда. Бұл бренд тек қана Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар басқа да шет елдерден өз орнын табуда*» [131].

Ең басты айырмашылық – концептілерге («Іскер әйел» мен «Табысты әйел») қатысты медиамәтіндердің жарияланатын орнында. Егер «іскер әйел» концептісіне қатысты медиамәтіндердің басым көпшілігі газет беттерінде орын алатын болса, «табысты әйел» концептісіне, негізінен, жалпы әйел қауымына арналған «жылтыр журналдар» шығарылатыны белгілі. Олар бейнелілік, эстетикалық, мазмұндық көпқырлылық пен тақырыптық жан-жақтылық, т.б. белгілердің арқасында жоғары бәсекелестікке ие болып келеді және медиамәтіндердің ең бір танымал әрі тартымды түріне жатқызылады да, ал олар жасап көрсеткен бейне нәтижесінде қазіргі заманауи адамдардың санасында «*табысты әйел*» концептісі қалыптасады.

Мысалы: «*Успешная, красивая и всегда на позитиве – телеведущая Динара Сатжан входит в комнату в кэжуал-образе, освещая ее ослепительной улыбкой. Пару минут она отвечает на сообщения, а потом убирает свой телефон, чтобы не отвлекаться во время беседы*» («Табысты, сұлу және үнемі позитивте болатын тележүргізуші Динара Сатжан бөлмеге жарқыраған күлкісімен және киімі кэжуал-бейнесінде кіріп келді. Ол бір-екі минут келген хабарламаларға жауап берген соң, әңгімеге кедергі етпес үшін телефонын сөндіріп қойды») [132].

«– *Я адекватно отношусь к критике. Жизнь медийной личности всегда предполагает негатив. Не нравятся людям успешные, красивые, умные, стильные и уверенные в себе женщины. У меня выработался стойкий иммунитет к негативу, он не делает меня сильнее, но я отношусь к нему, как к части жизни. Несколько месяцев я не читаю комментарии в свой адрес, они мне не интересны. Мне комфортно без обратной связи. В моей жизни сейчас наступила гармония, и мне гораздо интереснее мнение моего любимого человека. Соучредитель глянцевого журнала «Мир влюбленных» Баян Есентаева рассказала о своем секрете красоты. Кремом от морщин она начала пользоваться в 20 лет*» («– Мен сынағанды қабылдай аламын. Медиялық тұлғаның жеке өмірі үнемі негативті меңзейді. Адамдарға *табысты, сұлу, ақылды, сәнді киінетін және өзіне сенімді әйелдер* ұнамайды. Менде негативке

деген тұрақты иммунитет қалыптасқан. Әрине, ол менің одан да мықты болуыма септігін тигізбес, бірақ мен оған өмірімнің бір бөлігі ретінде ғана қараймын. Бірнеше ай болды, мен өзіме қатысты комментарийлерді оқымаймын, маған олар қызықты емес. Кері байланыссыз мен өзімді жақсы сезініп жүрмін. Менің қазіргі өмірімде үйлесімділік пайда болды. Сондықтан да, қазір маған сүйікті адамымның пікірі әлдеқайда маңызды. «Ғашықтар әлемі» жылтыр журналының бірге иемденушісі Баян Есентаева өзінің *сұлулығы* сыры жайында айтып берді. Ол 20 жасынан бастап әжімге қарсы жақпамай қолдана бастаған») [133].

«*Табысты әйел*» жалпылама бейнесін жасауға бағытталған медиамәтіндердің тілдік және мазмұндық ерекшеліктерінің басты белгілері: *сұлу, танымал, көпшілік алдында жиі болатын, бай-ауқатты* т.б. және оқырманға оның осындай жетістікке қалай, қандай жол, амал арқылы жеткені аса маңызды емес. Мұндай медиамәтіндер тілі ұлттың тілдік мәдениет дәстүрлерінің көрінісі ретіндегі сөйлеу нормаларымен тығыз байланысты болғанымен, көп жағдайда белгілі бір экспрессия тудыру мақсатын сөйлеу стандарттарын бұзу арқылы жүзеге асырады.

Мәдениет пен БАҚ-тың өзара әрекеттестігі нәтижесінің бірі – мәдениеттің бұқараландырылуы болып саналады. Осының салдарынан соңғы кездері мамандар тарапынан бұқаралық коммуникация тіліне қатысты тым қарапайым, нормаға сәйкес келе бермейтін, өрескел деген пікірлер жиі айтылады. Бірақ та дәл осы тіл БАҚ мәтіндерінің кең таралымына, танымалдылығына орай, бірте-бірте медиакеністіктен эталон болып саналатын коммуникативтік этностильді ығыстырып, бұқара тіліне айналып бара жатқанын байқаймыз. Ресей тілшілері бұл құбылысқа үреймен қарап, медиалық мәтіндер тілі ұлттық сипатынан алыстап, бүкіл әлемдік тілдесім құралы ретінде жаһандық поп-стильге айналғанын атап жүр [134-136].

Осы секілді стилистикалық біріздендіру үдерістері қазақ медиадискурсында да орын алып жатқаны белгілі. Алайда олар әзірше орыс тіліндегідей соншалықты қарқынды әрі белсенді емес. Дегенмен цензураға қарамастан, қазақтың БАҚ тілінде де ұлттық ерекшелік ескерілмей, халықаралық стильге қарай бағытталу белгілері байқалады: «Дресс-код – *іскер әйел затының ең басты* атрибуты. *Бірыңғай тегіс, қымбат, тығыз матадан тігілген* классикалық үлгідегі костюмнің (*жакет-белдемше, жакет-шалбар-жилет, жакет-көйлек*) кемінде *төрт-бесеуі* болғаны абзал. Әрі олар *пішім, түс және фактурасымен өзара үйлесім* табуы қажет. *Зергерлік бұйымдар. Зергерлік бұйымдар бикештің әлеуметтік жағдайынан хабар береді. Құдайға шүкір, біздің қыздарымыз, ана, аналарымыз қымбат әшекейден кенде емес. Алайда күнделікті жұмысты былай қойғанда, іскерлік кездесулер мен шараларға іскерлік этикет бойынша зергерлік бұйымдарды тағудың өз қағидалары бар. Жарқ-жүрқ еткізіп, үйіндегі барды тағып келу «міне, менің осындай әшекейлерім көп» деп мақтанатын балабақша бүлдіршіндерін елестетуі мүмкін. Мысалы, екiнiң бiрiнiң қолы жете бермейтiн өте қымбат тұратын гауһар сақина не сырғаның ең кiшкенесiн тағу – талғамы өте*

жоғары, нағыз іскер әйелдің ғана қолынан келеді. Коко Шанель үйден шығарда айнаға қарап, әшекей бұйымдарының біреуін шешіп, қалдырып кеткенді жөн санаған екен. Талғамға талас жоқ. Дегенмен орта жастағы әйелдерге көбіне алтын сағат, ал жас іскер ханымдарға күміс сағат таққан жарасымды» [137].

Бірақ, біздің ойымызша, әсіресе сәнге, косметикаға, зергерлік бұйымдарға, фитнеске, денсаулыққа, ерлерге бағытталған тақырыптар, негізінен, қоғамдағы табысты әйелдерге арналады. Өйткені «гламур» идеологиясы іскер әйелден гөрі табысты әйелдерге тән келеді деп санаймыз. Мәселен, гламур идеологиясы дегеніміз – гедонизм, себебі гламур ұғымының негізінде ләззат алу, рақаттану мағынасы бар және азап шегу мен қиналудан, қиындықтан қашу, аулақ болу ұстанымы басшылыққа алынған. Осымен байланысты гламурдың басты мақсат-міндеті – шындықтың бетін бояп, жұлдызды, танымал тұлғалардың табысты өмірін суреттеу арқылы әдемі, жарқын, романтикалық өмір сүру салтын көрсетіп, оны қолжетімді иллюзия етіп насихаттау. Сол себепті де, гламурдың басты эстетикасы да сұлулық, әдемілік пен жеңіл, проблемасы жоқ өмір.

Қазіргі медиадискурстағы аталған «стандарт» заманауи әйелдердің басым көпшілігіне эмоционалдық және эстетикалық әсер етіп, олардың мінез-құлқына, ойлау стереотиптеріне, өмірлік ұстанымдарына ықпал ететіні сөзсіз. Тіпті тілдік мәдениетте өмір жайында жаңа көзқарастар қалыптастырып жатқаны да белгілі. Мысалы: «Selfies, gloire et beauté: les stars millionnaires de la cosmétique» («Селфи, танымалдылық пен сұлулық: косметика саласының жұлдызды миллионерлері») атты газет мақаласында: «*En avril 2015, elle poste un selfie, la bouche gonflée à bloc, niant tout recours à la médecine esthétique. Les ados qui suivent à la lettre ses conseils lancent le «Kylie Jenner lip challenge» et, avec des verres à shot, provoquent un effet ventouse qui pulpe les lèvres. Au final, si la starlette admettra avoir eu recours à des injections, elle profitera de ce buzz pour lancer des kits de maquillage pour la bouche, qui seront épuisés en une minute. Quatre ans plus tard, Kylie Jenner a 132 millions d'abonnés sur Instagram. Sa marque, Kylie Cosmetics, s'est bien développée. Elle propose en ligne toute une gamme de produits, pour les lèvres, le teint ou les yeux. En juillet 2018, elle faisait même, à 21 ans, la couverture du magazine économique Forbes, qui la sacrait, en se fondant sur la valeur estimée de son entreprise, «plus jeune self-made-millionnaire de tous les temps», dépassant le record établi à son époque par Mark Zuckerberg à l'âge de 23 ans avec Facebook. En signant cette année avec les magasins américains de cosmétiques Ulta Beauty, Kylie Jenner, qui détiendrait, selon Bloomberg, 90% de sa marque (les 10% restant étant aux mains de sa mère), devrait encore engranger de nombreux profits*» («2015 жылдың сәуірінде ол ісінген ауызымен селфи жасап, суретін блогына жіберді, эстетикалық медицинаға жүгінгенін жоққа шығарады. Оның кеңестеріне құлақ асатын жасөспірімдер «Кайли Дженнердің ерін сынағына» еліктей бастайды және көзілдіріктің көмегімен ерінді дүрдитіп, оны созатын сорғыштың әсерін тудырады. Аяғында, егер жұлдыз инъекцияға жүгінгенін мойындаса, ол бір минут ішінде сатылатын ауызға арналған макияж

жиынтықтарын іске қосу үшін осы шуды қолданады. Төрт жылдан кейін Кайли Дженнер Instagram-да 132 миллион жазылушыларға ие болды. Оның Kylie Cosmetics бренді жақсы дамыған. Ол интернетте ерінге, бет терісіне немесе көзге арналған көптеген өнімдерді ұсынады. 2018 жылдың шілдесінде ол тіпті 21 жасында да Forbes экономикалық журналының мұқабасына түсіп, оны өз компаниясының «барлық уақыттағы ең жас миллиардері» деп атады. 23 жасында Facebook-те рекорд жасаған Марк Цукербергтен де асып түсті. Осы жылы АҚШ-тың Ulta Beauty сұлулық дүкендерімен келісімшартқа отырып, Кайли Дженнер, Блумбергтің айтуынша, оның брендінің 90%-ы (қалған 10%-ы анасына тиесілі) әлі де үлкен пайда әкелуі керек» – деп келтірілген. Яғни оңай, ешбір қиындықсыз, көл-көсір байлыққа кенелуі өмір үлгісін насихаттау [138].

Байқағанмыздай, табыс/табысты қазақ және сондай-ақ француз ғалам бейнелерінде де орын алған. Бұл ұғымның қазақ және француз концептілеріндегі ортақ мағына «белгілі бір қызметте табысқа жету» дегенді білдіреді. Ортақ семалар ретінде мыналарды келтіруге болады: «әйел жынысты тұлға», «бала әкелуге қабілетті», ал қазақ танымы үшін маңызды, керісінше, француз тілінде маңызды емес сема: «неке қатынасында, яғни отбасының болуы». Сонымен, «іскер әйел» де, «табысты әйел» де ұғымдары қазақ және француз сөздіктерінде де тіркелмеген. Алайда екі тілдің де қатардағы иелерінің санасында аталған ұғымдар жайында белгілі бір көзқарастар қалыптасқан. Бұл түсініктер мен көзқарастар, ең алдымен, газет, түрлі журналдар (әсіресе, табысты әйелге қатысты гламур құндылықтарын насихаттайтын журналдар арқылы) әсерінен қалыптасқан деп тұжырым жасауға болады.

Мәселен, табысты әйел журнал бейнесін жасауда түрлі амал-тәсілдер қолданылады және олардың барлығы табыс пен табысты лексемаларының мән-мағынасымен байланысты. Барлық амалдар қолданыс жиілігіне және бейне қалыптастырудағы рөліне қатысты өзек және шеткері болып бөлінеді. Өзек бірліктерге «сұлулық» семантикасына тікелей қатысы бар барлық лексикалық құралдарды жатқызуға болады: «жарқырау», «жетістік», «жеңіс», «даңқ», «үнемі жұрттың, көпшіліктің көз алдында болу», «танымал болу», «атақты, белгілі, әйгілі тұлғаларға қатысы немесе олармен байланысы болу», «тамаша мансапқа жету» т.б.

Мәтінде өзек тілдік бірліктер адресат санасына әсер ету қызметін жүзеге асырып, бұқаралық санада табысты әйелді танымал тұлға ретінде көрсететін көзқарас-түсінік қалыптастырады. Әрбір нақты мәтінде мұндай өзек тілдік бірліктер табыс/табысты ұғымдарының концептуалды мағынасына тікелей қатысы жоқ басқа да вербалды бірліктерге қарағанда, болмағанда 75-80% құрайды: *«Дәл қазір біздің елдегі дүбірлі тойлардың көшін күні кеше өткен Сивидің отбасындағы қуаныш бастап тұр. Шетелдік танымалдардың басы қосылған бұл патиде, Араш пен Анна Семенович әннен шашу шашқан! Ал меймандар үшін әлем жұлдыздарын шақырған Махмудидің қалтасы қаншалықты жұқарды?! Әйгілі Арашпен мың бұрала билеген Сиви әкесі Махмұдтың 60 жасын тойлатқан. Қымбат мейрамхана таңдап, жаһандық жұлдыздарды жанына жиган жанұяның қалтасы қаншалықты жұқарды?!*

Сиви Махмуди: – Жо-жоқ, айтпай-ақ қояйын! Қазір халық қайтіп шулап шығады, керек емес! Баға жағын енді айта алмаймыз. Бірақ арзан емес, шыны керек, білетін адамдар біледі ғой. Тауып алады ғой өздеріне қызық болса. Иә, араб әншісі арзан емес! Араштың райдерінен бөлек, ән салу құны 80 мың АҚШ долларын құрайды екен. Сонымен қатар Сивидің жанұясы бұл кешке ресейлік әнші әрі актриса Анна Семеновичті де арнайы шақырған» [139].

Жалпылама табысты әйел концептісінің бергі шеткері аумағын бейвербалды құралдар мен амал-тәсілдер құрайды. Олар: түр-түс, графика, қаріп, сурет, фото, коллаж, портрет, сұлба және т.б. Бұл арқылы жылтыр журналмен жасалатын бейне сыртқы қасиеттерімен көзге түседі (әдемілік, тартымдылық, жарқын, т.б.). Шеткері аумақтың арғы құрылымын ауызекі сөйлеу стиліндегі қарапайым синтаксис айқындайды. Ол адресаттың мәтін мазмұнын тез әрі қиындықсыз қабылдауын қамтамасыз етеді. Жылтыр журнал мәтіндеріндегі синтаксистік құрылымдардың 75-85% жай сөйлемдер. Ал күрделі сөйлемдердің үлесі орташа есеппен 15-25% құрайды.

Мысалы: *«Сиви Махмуди: – Анна Семенович ондай қымбат емес деп ойлаймын. Өйткені қазір енді ондай керемет әнші болып тұрған жоқ қой, шыны керек. Кезінде енді керемет жұлдыз болды».* Сонымен, табысты әйел концептісіне қатысты медиамәтіндерді мазмұндық және тілдік талдау нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады: концептінің бір ғана мән-мағынасы ғана жүзеге асырылады: белгілі бір қызмет нәтижесі ретіндегі табыс/табысты белгісі. Яғни бұл нәтижеге қол жеткізу үшін қажетті рухани және физикалық, тіпті уақыт керек екеніне ешбір мән берілмейді (1-кесте).

Кесте 1 – «Іскер әйел» мен «табысты әйел» концептілерінің медиамәтіндеріндегі белгілері

Ажыратушы белгілер	Іскер әйел	Табысты әйел
Өзек бірліктер	<i>Іскерлік</i> семантикасымен байланысты белгілер: «қолынан іс келетін адам», «ұйымдас тыру қабілеті жоғары», «іскерлік», «жоғары білімді», «өз жұмысын жақсы көретін», «отбасының тірегі», «жұмыспен үй шаруасын қатар алып жүретін» т.б.	<i>Сұлулық</i> семантикасымен байланысты белгілер: «жарқырау», «жетістік», «жеңіс», «даңқ», «үнемі жұрттың, көпшіліктің көз алдында болу», «танымал болу», «атақты, белгілі, әйгілі тұлғаларға қатысы немесе олармен байланысы болу», «тамаша мансапқа жету» т.б.
Шеткері аумақ 1	Маңызды емес	Бейвербалды құралдар мен амал-тәсілдер: түр-түс, графика, қаріп, сурет, фото, коллаж, портрет, сұлба және т.б.
Шеткері аумақ 2	Күрделі сөйлемдер басым келеді	Синтаксистік құрылымдардың 75-85% жай сөйлемдер; күрделі сөйлемдердің үлесі орташа есеппен 15-25% құрайды

Қорыта келгенде, қазақ және француз медиамәтіндеріндегі «іскер әйел» мен «табысты әйел» бейнелерінің басты айырмашылықтары төмендегідей: біріншіден, «іскер әйел» концептісіне қатысты іскерлік семантикасымен тығыз байланысты белгілер: «қолынан іс келетін адам», «ұйымдастыру қабілеті жоғары», «іскерлік», «жоғары білімді», «өз жұмысын жақсы көретін», «отбасының тірегі», «жұмыс пен үй шаруасын қатар алып жүретін» т.б. // «табысты әйел» – «қоғамда танымал, белгілі», «ауқатты, бай», «мансап жолында үлкен табыстарға ие болған», «үнемі әдемі және сәнді киінген», «жақсы үй, пәтерде тұратын» т.б.; екіншіден, іскер әйел туралы сөз болғанда, оның қалай жетістікке жеткені туралы айтылады (өмірдегі сәтсіздіктері, қиындықтары, т.б.) // табысты әйелдің қалай табысқа кенеле бастағаны жайында айтылмайды. Оның табысты болуы тек нәтиже ретінде келтіріліп, ал оған жету үшін жұмсалған рухани, физикалық, материалдық шығындар туралы сөз болмайды; үшіншіден, «іскер әйел» концептісінің медиамәтіндегі репрезентациясы ұғымның мән-мағынасымен толық сәйкес келеді – «ең алдымен тұрақты табысы бар, әртүрлі қоғамдармен байланысы бар, табысты, белсенді, өзіне сенімді, өз лауазымына лайықты тұлға» // «табысты әйел» бейнесі «белгілі бір қызметтегі оң нәтиже» мағынасына негізделіп, бірақ табысты болу жолында сәтсіздіктерді, қиындықтарды бастан кешіру міндетті емес. Яғни табыс/табысты ұғымының еңбектену, жұмыс жасау, әрекет ету, рухани шиеленіс, т.б. мағыналық компоненттері түсіріліп қолданылады.

2.2 Медиадискурстағы «іскер әйел» концептісі құрылымындағы когнитивтік стереотип

Әрбір тіл дүниені өзінше жіктеп көрсетеді және оның өзіндік ерекше концептуалдау тәсілі болады. Сондай-ақ әрбір халықтың, ұлттың қоршаған әлем, адамзат, адамдар туралы, басқа мәдениет өкілдері жайында өзінің нақты көзқарастары да бар. Кез келген қоғамда адамдардың өзі туралы, өзінің тілдік және мәдени кеңістіктік шеңберіндегі мінез-құлық пен дәстүрлерге қатысты, сонымен қатар басқа да тілдік және мәдени кеңістік өкілдері туралы белгілі бір стереотиптер қалыптастырылады. Соңғы кездері «стереотип» феномені мен ұғымы ғалымдардың (У. Липпман, И.С. Кон, Ю.А. Сорокин, И.Ю. Марковкина, Н.В. Уфимцева, В.В. Красных және т.б.) назарына алынып, үлкен қызығушылық танытуда.

Алғаш рет «стереотип» терминін қолданған америкалық журналистика классигі Уолтер Липпман болатын. Ол 1922 жылы «Қоғамдық пікір» атты еңбегін жариялайды. Бұл еңбекте автор қоғамның адамдарды өзара жіктеп категориялау әдісін сапаттап беруге талпыныс жасайды. Әдетте, қоғамдық пікір белгілі бір сипаттамалар негізінде «штамп» басқан секілді таңбалаумен ерекшеленеді. У. Липпманның пікіріне сүйенетін болсақ, стереотиптер дегеніміз – реттелген және адам санасындағы сол мәдениетпен айқындалған «ғалам бейнелері». Олар, біріншіден, күрделі әлеуметтік нысандарды қабылдау үдерісін жеңілдетіп, оған жұмсалатын күшті үнемдеуге септігін тигізеді;

екіншіден, адамның өз құндылықтарын, ұстанымдары мен құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді [140].

Стереотиптер адамдардың өмір, дүние, қоршаған ортасы туралы көзқарастарын қалыптастыруға септігін тигізіп, оның әлеуметтік, географиялық және саяси тар шеңберінен шығуға жағдай жасайды. У. Липпманның пікірінше, стереотиптердің тұрақты түрде ұрпақтан ұрпаққа берілу қасиеті оны ақиқат, биологиялық дерек, шынайа деп қабылдауға мүмкіндік береді. Егер адамның жеке тәжірибесі стереотиптерге қарама-қайшы келген жағдайда, әдетте төмендегідей екі жағдаяттың бірі орын алады: белгілі бір себептерге байланысты өз көзқарастарын өзгерткісі келмеген, қызығушылық танытпаған, икемсіз адам аталған қарама-қайшылықты байқамайды, оған мән бермейді немесе айрықша деп санап, мүлдем ол туралы ұмытып та кетеді; ал сезімтал, қабылдағыш, білімқұмар адам болатын болса, стереотиптің ақиқат шындықпен сәйкес келмейтінін байқап, қоршаған ортаға қатысты өз көзқарастарын, дүниетанымын өзгертуге тырысады. Автордың тұжырымдауынша, стереотиптерді түбегейлі біржақты жалған көзқарастар деп тануға болмайды. Оның пікірінше, стереотиптер шынайы, жартылай шынайы немесе жалған да болуы мүмкін.

Әлі күнге дейін бұл ұғымның анықтамасына да қатысты, жалпы «стереотип» сөзінің өзін қаншалықты қолданған дұрыс сияқты сұрақтар жиі талқыланады. Алайда ғылыми әдебиеттерде оған қатысты түрлі-түрлі терминдер қолданылады: ұлттық стереотиптер, этникалық наным-сенімдер, этникалық көзқарастар, ұлттық бейнелер т.б. Н.В. Уфимцева этникалық стереотиптер мен мәдени стереотиптер деп ажыратып көрсетеді: этникалық стереотиптер адамның өзін-өзі талдауға мүмкіндік бере алмайды. Олар мінез-құлық фактілері мен ұжымдық санасыздық құбылысына жатқызылады, яғни олар арнайы оқытылып меңгертуге ешбір келмейді. Ал мәдени стереотиптер адамның өзін-өзі талдауға бейім келеді және санасыздықтың да, саналылықтың да дерегі ретінде оларды оқып үйренуге, меңгеруге әбден болады [141].

Қабылдаудың мәдени, психологиялық ерекшеліктерін зерттеген ғалым Г.В. Елизарова стереотиптердің этникалық және ұлттық болып жіктелгенін дұрыс деп санайды [142]. Осы кезге дейін жүргізілген зерттеулердің басым көпшілігі этникалық стереотиптерге арналған, яғни этникалық қоғамдастықтардың (этностардың) қарапайым бейнелері жан-жақты қарастырылған. Алайда қазіргі кездегі әлеуметтік қоғамдастықтардың сан алуан түрлілігі үнемі «өзім» мен көптеген «өзгенің» арасындағы нақты шекараны айқындау мәселесін алға тартады. Сондықтан да болар, «стереотип» термині адамның нақты өзінің және басқа саяси, діни, мәдени, т.б. (өзінің кәсібіне қатысты немесе өзге мамандық иесі, замандасы немесе басқа жастағы адам, ұрпақ, жыныс, экономикалық-материалдық жағдайына қатысты т.б.) өкілі арасындағы қабылдау ерекшеліктерін талдауда кеңінен пайдаланылады.

Ал ұлттық стереотип белгілі бір ұлттық топқа немесе тұтас бір ұлтқа тән келіп, сол ұлттың бүкіл өкілдеріне қатысты белгілерді айқындайды және имплицитті немесе эксплицитті түрде болсын белгілі бір бағалауыштық сипатқа

ие болады. Ұлттық стереотиптерді көптеген ғылым салалары зерттейді: әлеуметтану, психология, саясаттану, филология, тарих және т.б.

Когнитивтік лингвистика және этнолингвистика тұрғысынан «стереотип» термині тіл мен мәдениеттің мазмұндық жағы деп түсініледі, яғни ғалам бейнесімен бара-бар келетін менталды (ойлау) стереотип ретінде анықталады. Ғалам бейнесі, оның ішінде ғаламның тілдік бейнесі де адамның ғалам, дүние туралы көзқарастарына негізделетіні белгілі. Егер ғалам, дүние дегеніміз – адам мен оның қоршаған ортасының өзара әрекеттестігі болатын болса, ал ғалам бейнесі дегеніміз – адам мен оның қоршаған ортасы туралы ақпараттың қайта өңделуінің нәтижесі. Ғалам бейнесі – дүниенің айнала көрінісі емес, ол бір-біріне ұқсамайтын жеке субъектілердің жүзеге асыратын дүниенің интерпретациясы болып саналады. Сондықтан да ғалам бейнесін динамикалық құбылыс деп анықтауға болады, өйткені ол үнемі нақтыланып тұрады. Сол себепті де когнитивтік лингвистика саласының зерттеушілері ғаламның тілдік бейнесі ретінде көрініс табатын біздің концептуалдық жүйеміз физикалық және мәдени тәжірибемізбен тікелей байланысты деп санайды.

Жалпы, стереотиптердің пайда болу себептері когнитивтік теорияларда да, сондай-ақ әлеуметтік психологияда да жеке қарастырылады. Бұл салалардың басты зерттейтін мәселесі – біздің ой-пайымдауымыз қаншалықты қоғамдық мәнмәтінге тәуелді болып келеді? Ол қалайша біздің қоғамдағы мінез-құлқымызға әсер етеді және т.б. Когнитивтік лингвистика адамдарды жіктеп көрсету қажеттілігіне назар аудартады. Ал бұл өз кезегінде қоршаған ортаны қабылдау амалын жеңілдеті түседі.

Ғаламның тілдік бейнесі мен тілдік стереотип тұтас пен оның бір бөлшегі, үзіндісі ретінде сәйкестендіріледі. Осымен байланысты тілдік стереотип пайымды пікір немесе бірнеше пайымды пікір деп анықталады. Оған сипаттамалы және бағалауыштық белгілер тән келеді. Тілдік стереотиптерге тек пайымды пікірлер ғана емес, сондай-ақ кез келген тұрақты айтылымдар да (клише, тұрақты теңеу т.б.) жатқызылады: жаңа қазақ, аққу құстың мойнындай, ақ торғындай мойны т.б.

Ғалам бейнесінің құрылымдық бөлігінде мәдениеттің тірек концептілері маңызды орын алады. Олар жеке тілдік тұлға үшін де, жалпы тұтас бір лингвомәдени қауымдастық үшін де өте маңызды. Мәдениеттің тірек концептілеріне келесі абстрактілі мағынаға ие тілдік бірліктерді жатқызуға болады: тағдыр, ар-намыс, жігер, заң, еркіндік, Отан және т.б. Адам санасындағы концептілер жеке тұлғаның бүкіл тілдік тәжірибесін айқындайды: поэтикалық, прозалық, ғылыми, әлеуметтік, тарихи т.б.

Мәдени концептілерді екіге бөліп көрсетуге болады: ғарыштық, философиялық концептілер. Олар мәдениеттің әмбебап концептілері болып саналады: уақыт, кеңістік, себеп, өзгеріс, қозғалыс; әлеуметтік немесе мәдени категориялар: еркіндік, құқық, әділеттілік, еңбек, байлық, жекеменшік т.б. Сонымен қатар, мұндай концептілердің тағы бір түрін ажыратып көрсетеді – ұлттық мәдениет категориялары: қара шаңырақ, ұрпақ, отбасы, тағдыр, қамшы, т.б. 2-кестеде түрінде келтіретін болсақ.

Кесте 2 – Мәдениет концептілері

Ғарыштық, философиялық (әмбебап) категориялар	Әлеуметтік категориялар	Ұлттық мәдениет категориялары
<i>уақыт, кеңістік, себеп, өзгеріс, қозғалыс т.б.</i>	<i>еркіндік, құқық, әділеттілік, еңбек, байлық, жекеменшік т.б.</i>	<i>қара шаңырақ, ұрпақ, отбасы, тағдыр, қамшы т.б.</i>

Осы ретте, «*мәдениет стереотипі*» мен «*мәдениет концептісі*» ұғымдарын өзара ажырату мәселесі өте маңызды: *мәдениет стереотипі* субъективтік бағалауыштық қасиетке ие болады, ал *мәдениет концептісі* ақиқат болмысқа деген объективтік қатынасты айқындайды. Сондықтан да мәдениет концептісі ретінде танылу үшін ол жалпықолданыстық сипатқа ие, қолданыс жиілігі де жоғары болуы қажет (3-кесте).

Кесте 3 – Мәдени стереотип пен мәдени концептінің арақатынасы

Мәдени стереотип	Мәдени концепт
<i>Субъективтік бағалауыштық</i>	<i>Объективтік</i>
<i>Маңызды емес</i>	<i>Жалпықолданыстық қасиетке ие, қолданыс жиілігі жоғары</i>

Ақиқат дүниені айқындайтын ғалам бейнесі мен оны тіркеуші ғаламның тілдік бейнесінің арасында өте күрделі қарым-қатынастар орнатылады. Ғалам бейнесі кеңістіктік (жоғары – төмен, шығыс – батыс, алыс – жақын т.б.), уақыттық (күн – түн, қыс – жаз т.б.), сандық, этикалық және т.б. өлшемшарттар арқылы көрініс береді. Олардың қалыптасуына тіл, салт-дәстүрлер, табиғат пен ландшафт, тәрбие, білім және де басқа әлеуметтік факторлар әсер етеді. Ал ғаламның тілдік бейнесі ғаламның арнаулы бейнелерінен (мысалы, химиялық, физикалық т.б.) бұрын қалыптастырылып, кейінгілердің пайда болуына ықпал етеді. Өйткені адам тек тіл арқылы ғана дүниені де, қоршаған ортасын да, өзін де түсіну қасиетіне ие бола алады. Ю.Д. Апресян ғаламның тілдік бейнесінің ғылымға дейін пайда болуын ерекше атап, оны қарапайым, аңғал бейне деп анықтаған [143].

Ғаламның тілдік бейнесі адамның дүниеге (табиғат, жан-жануарлар, дүниенің бір бөлшегі ретінде өз-өзіне т.б.) деген қатынасының бір түрін қалыптастырып, оның сол қоғамдағы мінез-құлық нормаларын ретке келтіреді. Әрбір табиғи тіл ғаламды концептуалдаудың және дүниетанымның белгілі бір амалын айқындайды. Ал ғаламның тілдік бейнесі арқылы берілетін біртұтас көзқарастар жүйесінің мағыналары барлық тіл иелеріне ортақ ұжымдық философияны құрайды (4-кесте).

Кесте 4 – Ғалам бейнесі мен ғаламның тілдік бейнесінің арақатынасы

<i>Ғалам бейнесі</i>	<i>Ғаламның тілдік бейнесі</i>
<i>Қалыптастырушы факторлар</i>	<i>Қалыптастырушы факторлар</i>
тіл, салт-дәстүрлер, табиғат пен ландшафт, тәрбие, білім және басқа әлеуметтік факторлар	Қоғамдық-тарихи тәжірибе (жалпы адамзаттық және ұлттық)
<i>Өлшемшарттары</i>	<i>Өлшемшарттары</i>
Кеңістіктік	Адамның дүниеге қатысты қарым-қатынасы
Уақыттық	Қоғамдағы мінез-құлық нормалары
Этикалық	Дүниетаным амалы мен дүниені концептуалдау ерекшелігі
сандық және т.б.	Біртұтас көзқарастар жүйесі (ұжымдық философия) т.б.

Осымен байланысты тілдің қызметі тек хабарлама жеткізумен шектелмейді, ең алдымен, сол хабарламаның ішкі ұйымдастыруымен ерекшеленеді. Сөйтіп, «мағыналар кеңістігі» секілді тілде тіркелген ғалам туралы білім қоры қалыптасып, ал онда нақты бір тілдік қауымдастықтың бүкіл ұлттық-мәдени тәжірибесі көрініс табады. Бұл тәжірибе тілдің барлық деңгейлерінде орын алады, атап айтқанда: лексикада, фразеологияда, грамматикада т.б. (4-сурет).



Сурет 4 – Ғаламның тілдік бейнесі мен мәдени стереотиптердің өзара байланысы

Әрбір этностың ғалам бейнесі тілінің мазмұндық сипатында айқындалып, бүкіл мәдени стереотиптер қалыптасуының іргетасы болып саналады. Мәдени стереотиптерді талдау арқылы ұлттық мәдениеттердің айырмашылықтары мен ерекшеліктерін анықтауға болады. Ұлттық-мәдени және ғаламның тілдік бейнелері бір-бірімен тығыз байланыста және үздіксіз өзара әрекеттестік

қатынаста болуымен ерекшеленеді. Ғаламның ұлттық-мәдени бейнесі ғаламның тілдік бейнесіне қарағанда алғашқы сипатқа ие және одан әлдеқайда толымды (5-сурет).



Сурет 5 – Ғаламның ұлттық-мәдени бейнесінің ғаламның тілдік бейнесімен арақатынасы

Алайда ғаламның ұлттық бейнесін жүзеге асырып, вербалдайтын да, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші де тіл екені белгілі. Әрине, тіл ұлттық дүниетанымның бүкілін белгілей алмайды, бірақ оны сипаттап беруге қабілетті. Ал, қажет болған жағдайда, өзге тілдік ойлау жүйесіне тән келетін ұғымдар атауымен бірге сол тілдерден қабылданады: локдаун, импичмент, файл, компьютер т.б.

Ғаламның тілдік бейнесін зерттеу мәселесі ғаламның концептуалды бейнесімен тығыз байланысты. Себебі, ол адамның болмысы мен оның ерекшеліктерін, оның дүниеге деген қарым-қатынасын, оның өмір сүру шарттарын, т.б. айқындайды. Сондықтан да әрбір тілдің ғалам бейнесі ерекше, бірегей сипатқа ие болып келеді. Тіл ұжымдық стереотиптер мен эталонды көзқарастарды тіркеп, адам санасының интерпретациялаушы қызметін объективтендіреді. Сол себепті де этностардың ғалам бейнесі олардың мәдени стереотиптерінің іргетасы қызметін атқарып, ал олардың зерттелуі халық ұлттық мәдениетінің өзгешеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Сонымен, когнитивтік стереотип дегеніміз – «ақпаратты кодқа салудың мазмұнды формасы мен сақталуы» [144], «санада сақталатын ғалам бейнесінің белгілі бір тұрақты үзіндісі» [145]. «Осы дүниенің тілдік бейнесін қалыптастырушы элементтердің бірі – стереотип» [146]. Ал стереотиптердің өзі екі категорияға бөлінеді: үстірт (халықтың тарихына, халықаралық саяси жағдайларына, уақытша факторларға байланысты пайда болатын стереотиптер) және түбегейлі (халықтың өмірі мен тұрмысына байланысты туындаған стереотиптер: шаңырақ, сандық, сәукеле, қамшы, т.б.) [147].

Соңғы кездері қазіргі БАҚ-тағы стереотиптердің тілдік репрезентациялану ерекшеліктері зерттеушілердің басты назарында болуымен аса қызығушылығын арттырып келе жатқаны белгілі. Және олардың пайымдауы бойынша, стереотиптің эмоционалды-бағалауыштық мағынасы

үстемділікке ие болып, ал ол өз кезегінде, ең алдымен, лексика деңгейінде жүзеге асырылады екен [148-152]. Зерттеуші В.В. Красныхтың пайымдауынша, когнитивтік стереотиптің екі түрі болады: мінез-құлық стереотиптері және бейне стереотиптері. Біздің ойымызша, бейне стереотиптерінің ішінен пайымдау-стереотиптері секілді маңызды түрін ажыратып көрсетуге болады. Яғни ең алдымен, мәдени концептілер мазмұнының сұлбалық, типтік, ұлттық маркерленген интерпретациясы болып саналады.

Когнитивтік пайымдау-стереотиптері дискурстың негізгі түрлі концептілерінің стереотиптік бөліктерінің түйісу саласы, стереотиптік үлгілер дегенді білдіреді. Олар когнитивтік сипатта болып, концептуалдық үлгілердің бір түрі ретінде танылады. Сонымен бірге когнитивтік пайымдау-стереотиптері дегеніміз – белгілі бір ақиқат болмыс үзіндісінің заманауи стереотиптік сипаттары мен бағалануын айқындайтын және концепт құрылымының құндылықтық құрамынан тұратын зерттеуге алынған когнитивтік феномен жайында бүкіл ақпаратты беретін опереционалды бірліктер.

Кез келген ұлт тіліндегі дискурстың негізгі концептілерін лингвокогнитивтік тұрғыдан талдаудың басты опереционалды бірліктері ретінде пайымдау-стереотиптерді басшылыққа алу – өнімді тәсіл болып саналады: біріншіден, БАҚ арқылы айқындалатын ғалам бейнесінде, сондай-ақ адресаттың қарапайым ғалам бейнесінде де орын алатын белгілі бір көп деңгейлі концепті мазмұнының стереотиптік интерпретациясының ұлттық ерекше белгілерін анықтауға; екіншіден, дискурстағы сипаттамалардың тілдік объективтену ерекшеліктерін белгілеуге болады.

Сонымен, әрбір когнитивтік құрылым – концепт, концептуалды үлгі немесе когнитивтік стереотип болсын, ең алдымен, тілде, дискурстың түрлі типтерінде вербалданады. Мәтінде когнитивтік стереотиптің лексикалық және лексика-синтаксистік маркерлері ретінде жиі қайталанатын, қолданылатын пропозиционалды құрылымдармен сәйкестендірілетін жартылай клишеленген айтылымдар, сондай-ақ мәтіннің түрлі сегменттері (сөз тіркесі, стереотиптің мазмұнды құрылымын вербалдайтын бірнеше байланысты сөйлемдерге дейін) болып саналады.

Қазақ тіліндегі «бизнес саласы» *слоты* мынадай тілдік бірліктер арқылы айқындалады: сән салонының директоры, жылжымайтын мүлік агенттігінің директоры, өзінің дүкені бар, өз киім үлгісін жасап шығарушы, өзінің мейрамханасы бар және т.б. Мысалы: «50 жас кәсіпкер» жобасының кезекті қонағы – Сандира Белгібаева. Ол бүгінде азық-түлік дүкені мен Beauty Empire сұлулық салонын басқарып отыр. 23 жасар ару енді киім дүкенін ашақшы» [153].

«Бізге бұл туралы сән салонының директоры Тұрсынай Байғабылова айтып берді. – Мен әу бастан осы салаға қызығатынымын. Дос-жаран, туыстарым: «Сенің ұйымдастырушылық қасиетің жоғары», – дейтін. Бұл жұмысты бастамас бұрын визажист болып түрлі салондарда жұмыс істедім. Өзімнің жеке салоным болса деп армандадым. Астанаға барып, кәсіби

біліктілігімді жетілдіріп келген соң, жеке салон ашуға ұмтылдым. Жолдасым Айдар қолдап, көмек көрсетті» [154].

«Гүлайша Боранқызының негізгі мамандығы – құрылысшы. Бірақ бала күтімі, үй шаруасымен айналысып, құрылыс саласына бет бұрмады. Есесіне, белгілі кәсіпкер, құрылысшы Самат Мұсабаевтың адал жары, 4 баланың анасы атанды. Ұл-қыздарына қазақи тәрбиені сіңіріп отырған ана. Балалары Еуропада білім алса да, ұлттық дәстүрімізден аттаған емес. Отбасының ұйытқысы, ағайын-туыстың бітімгері болу – өзінің басты міндеті деп санайды. Үйінде ас мәзірі, дастархан жаюға көп мән берген ол мейрамханаларға барғанда аса көңілі толмай келеді екен. Сонан соң білген-түйгенін кәсіп ретінде пайдаға асыруды жөн көреді. Бұл ойын іске асыруға өмірлік жары көмегін аяған жоқ» [155].

«Осыдан төрт жыл бұрын кішкене butik ашып, сауда саласына келдім. Бизнесі енді бастаған адамға қомақты қаражат керек болады. Бәрі бірдей көп ақшамен кәсіп аша бермейді зой. Банктен несие алып көреміз» [156].

Ал француз тіліндегі «бизнес саласы» слотының ерекшелігіне келер болсақ, жоғарыда аталған қазақ тіліндегілерден басқа – бизнес әкесінен қалған енші, мұра ретінде де жалғастырылады: «*L'histoire d'Alsapan, est celle d'une aventure entrepreneuriale singulière. Fondée en 1972, par Joseph Strub, menuisier-ébéniste, développée ensuite par ses trois enfants, elle est aujourd'hui dirigée par sa petite fille, Cécile Canterelle... Alsapan possède aujourd'hui cinq sites de production et emploie 800 salariés. Cécile Canterelle, la dynamique dirigeante d'Alsapan, travaille étroitement avec la Banque Kolb, qui a accompagné la croissance de l'entreprise*» (« Алсапан тарихы – бірегей кәсіпкерлік саласында орын алған өте қызықты оқиға. Ол 1972 жылы ағаш шебері Джозеф Струбпен қалыптастырылып, әрі қарай бұл бизнесті үш баласы дамытқан. Қазіргі таңда бұл бизнесті оның кіші қызы Сесиль Кантерель басқарады... Қазір Алсапанда бес өндірістік алаң бар, онда 800 адам жұмыс істейді. Алсапанның қозғаушы күші – Сесиль Кантерель, компанияның өсуіне қолдау көрсететін Banque Kolb-пен тығыз қарым-қатынас жүргізеді») [157].

Медиамәтіндердегі «іскер әйел» – өзінің жеке бизнесі бар, өзі қалыптастырған немесе отбасылық істің мұрагері болып табылады. «Басқару саласы» слотының негізгі мазмұндық құрылымы төмендегідей: банк басқарушысы, компания, корпорация президенті, министр, журналдың бас редакторы т.б. Мысалы: «*Басшы әйел қандай болуы тиіс? Ол үйде де, түзде де міндетін мінсіз атқару үшін күш-қуатты қайдан алады? Отбасы мен қызметін қатар алып жүру үшін әйел министрге қандай қасиеттер тән? 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мейрамына орай BNews.kz тілшісіне арнайы берген сұхбатында ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова осы және өзге де маңызды сұрақтарға жауап берді*» [158].

«Мәлдір Әуелбекова "Қазақконцерт" мемлекеттік концерттік ұйымының шығармашылық қызметінің басшысы болып тағайындалды. Бұл туралы Tengrinews.kz хабарлады. 29 сәуірде...» [159]; «Ертіс» футбол клубына

Насима Хаева басшы болып тағайындалды. Бұған дейін клубтың басшысы Жанайдар Дүйсенбаевтың қызметінен... [160].

Француз тілінде: «*La nouvelle a fait sensation. Apple a annoncé, mardi 5 février au soir, le départ de la responsable des Apple Stores Angela Ahrendts. Elle était l'une des figures les plus en vue de la firme de Cupertino. Et de l'avis de certains, peut-être la mieux placée des dirigeants d'Apple pour succéder à Tim Cook, à la tête de la société depuis plus de vingt ans*» («Бұл жаңалық нағыз сенсация болды. Apple ақпанның 5-нде сейсенбінің кешінде Apple Store-дің менеджері Анжела Арендтстің қызметтен кетуін жария етті. Ол Cupertino фирмасының ең бір белгілі тұлғасы болатын. Және кейбір пікірлер бойынша, ол жиырма жылдан астам компанияны басқарған Тим Куктан кейінгі Apple-нің үздік басшысы болып саналады») [161].

«*Catherine Guillouard, PDG de la RATP depuis 2017, était l'invitée, jeudi, du Club de l'économie du «Monde». Elle s'explique sur les défis historiques que doit relever l'entreprise publique*» («Кэтрин Гийуар 2017 жылдан бері RATP-дің бас директоры бейсенбі күні «Monde» экономикалық клубының қонағы болды. Бұл мемлекеттік кәсіпорын шешуге тиісті тарихи талаптармен түсіндіріледі») [162].

«*Le train rapide entre Paris et l'aéroport de Roissy sera bel et bien construit, malgré l'inquiétude des usagers et l'opposition des principaux élus d'Ile-de-France. La ministre des transports, Elisabeth Borne, a confirmé, mardi 5 février, dans un entretien au Parisien, que le CDG Express serait mis en service pour les Jeux olympiques de 2024*» («Иль-де-Франстың негізгі сайлау өкілдерінің қарсылығына және тұтынушылардың алаңдаушылықтарына қарамастан, Париж бен Руасси әуежай арасындағы жүйрік пойызы салынатын болды. 5 ақпан сейсенбі күні Көлік министрі Элизабет Борн өзінің *Parisien-ға* берген сұхбатында CDG Express-тің 2024 жылы өтетін Олимпиада ойындарының қарсаңында эксплуатацияға берілетіні жайында мәлімдеді») [163].

Қазақтың тілдік санасында «іскер әйел» концептісінің базалық репрезентанттарының жалпылама сипаты «бизнесвумен, бизнес-леди, кәсіпкер, бизнеспен айналысатын әйел» ретінде тіркеліп, ол, ең алдымен, аяулы ана, асыл жар, отбасы мен бизнесті қатар алып жүретін тұлға болып саналады. Сондықтан да, қазақ мәдениетіндегі «іскер әйел» бейнесі этникалық менталдылыққа негізделіп, ежелден қалыптасқан әйелдің отбасы және үймен байланысы кәсіпкерлік қызметте заңды түрде жалғасын табады, себебі онда әйел мен еркектің отбасындағы рөліне әсер етпейді.

Зерттеу барысында әрбір ұлт тіліндегі дискурстың негізгі концептілерін лингвокогнитивтік тұрғыдан талдауда басты опереционалды бірлік пайымдау-стереотиптері екені анықталып, олар, ең алдымен, тілде, дискурстың түрлі типтерінде вербалданатыны дәлелденді. Медиамәтіндегі когнитивтік стереотиптің лексикалық және лексика-синтаксистік маркерлері төмендегідей: пропозиционалды құрылымдармен сәйкес келетін қолданыс жиілігі жоғары жартылай клишеленген айтылымдар, мәтіннің түрлі сегменттері, атап айтқанда:

сөз тіркесі, стереотиптің мазмұнды құрылымын вербалдайтын бірнеше байланысы, т.б.

Сонымен, «іскер әйел» ұғымы әлеуметтік мәдениет тұрғысынан мәдениеттің белсенді субъектісі ретінде танылып, өзіндік ерекше табиғатында ерлерге де, әйелдерге де тән құндылықтарды біріктіріп көрсете алатын тұлға деп тұжырымдаймыз. Медиамәтіндердегі «іскер әйел» – өзінің жеке бизнесі бар (екі мәдениетке де ортақ), өзі қалыптастырған (негізінен қазақ лингвомәдениетіне тән белгі) немесе отбасылық істің мұрагері (негізінен француз лингвомәдениетіне тән белгі) болып табылады.

2.3 Медиадискурстағы «іскер әйел» концептісінің фреймдік үлгісі

Когнитивтік лингвистика саласының ең маңызды нәтижелерінің бірі – тілдік ақпараттың қабылдануы мен меңгеріліп, түсінікті болуын қамтамасыз ететін адам жадында жүргізілетін үдерістердің үздіксіз өзара тығыз байланысты сипаты болып саналады [164]. Өз кезегінде, жеке тілдік жағдаяттарды түсініп ұғыну үдерісі жаңа жағдаятқа барынша ұқсас келетін адам жадындағы таныс жағдаятпен ұқсастық іздеу талпынысы деп түсініледі. Басқаша айтқанда, адам баласы жаңа мәліметтерді өңдеп қабылдауда, осыған дейін өзінің жинақталған тәжірибесіне арқа сүйейді. Аталған үдерістерде жиі қолданылатын құрылымдардың бірі – фреймдер деп аталады. Бұл құрылымдар тілдердің жұмсалымында маңызды орын алады.

Қазіргі ғылыми көзқарастарға сәйкес адамның аялық білімі ерекше ұйымдастырылған ретті сценарийлер жиынтығы ретінде қабылданады [165]. Біздің ғалам туралы білімдеріміз стереотиптік жағдаяттардың өту барысындағы белгілі бір сценарийлер туралы ақпараттардан қалыптасады және фреймдердің толық түзілуі нәтижесі ретінде сипатталады. Яғни фреймдер сол мәдениетке тән келетін білімдерді айқындап, сол қоғам үшін әдеттегі (типтік) болып саналатын құбылыстарды, жағдаяттарды т.б. сипаттайды. Фреймдер тілдік амалдар арқылы вербалданатын білімнің ерекше ұйымдастырылған тұтас үзінділері.

Бұл ретте, ең маңыздысы – әрбір фрейм түрлі жағдаяттарда дұрыс әрі бара-бар әрекет етуге мүмкіндік беретін ұғымдардың тізімі іспетті. Мәтін элементінің белгілі бір фреймге сәйкес келу/келмеуін анықтау барысында мынадай шарттарды ескеру қажет:

- жеке адамның концептуалды жүйесіндегі фрейм мен ұғымның үйлесімділігі;
- семантикалық тіркесімділігі;
- үдерістер мен іс-әрекеттердің ұқсастығы және тепе-теңдігі бойынша типтілігі т.б.

Қазіргі кездегі фреймдік сипаттау идеясының дамуы, оны тек стандартты жағдаяттарда ғана қолданылуымен шектелмейді. Яғни стереотиптік жағдаят тек шаблон ретінде ғана емес, сондай-ақ мән-мағыналық компоненттерді меңзейтін фрейм слоттары ретінде де көрініс табады. Ал фреймдердің өзі адамның концептуалдық жүйесіндегі концептілермен қаншалықты сәйкес келетінімен

айқындалады. Фреймдер – білімнің кездейсоқ бөлшектері емес, олар белгілі бір концепт аясында жүзеге асырылатын бірліктер. Бірақ жай ассоциациялар жиынтығына қарағанда, фреймдерді айқындайтын «бірліктер белгілі бір концептімен ассоциацияланатын негізгі типтік және мүмкін болатын ақпаратты» білдіреді [32, с. 16-17].

Яғни фрейм стереотиптік жағдаяттың немесе ұғымның қаңқасы болғандықтан, ол тіл арқылы белгіленетін – бейнелер, көзқарастар, ұғымдар секілді т.б. құрылымдары тиісті деңгейде айқындала қоймаған когнитивтік маңыздарды репрезентациялайды. Когнитивтік бірліктердің фреймдік құрылымы, олардың вербалды материалдануының қажетті шарты болып саналады, өйткені ол бейвербалды менталды саланың материалды вербалдымен түйісуін қамтамасыз етеді. Сондықтан да, фреймді бір-бірімен байланысты бірнеше деңгейі болатын сатылы тәуелді құрылым ретінде анықтауға болады.

Осы орайда, фрейм ұғымы концепт ұғымымен тығыз байланысты болғандықтан, оларды ажыратып беру мәселесі өте маңызды. Өйткені олардың арасындағы тек антологиялық ерекшеліктер ғана біреуі арқылы екіншісін үлгіге салып сипаттауға мүмкіндік береді. Концептіні тек тілдік құбылыс деп түсінуге болмайды. Себебі, концепт, ең алдымен, бейне ретінде пайда болып, содан соң ғана вербалданатын құбылыс болып саналады. Когнитивтік семантикаға қатысты зерттеулерде «лексикалық концепт» ұғымы жиі қолданылады. Алайда ғылыми әдебиеттерде бұл атаудың басқа да түрлері кеңінен пайдаланылатыны белгілі: ойлау суреті, концепт-схема, концепт-гипероним, концепт-фрейм, концепт-инсайт, концепт-сценарий, калейдоскоптық концепт т.б. [166].

Жоғарыда аталған терминдердің ішінен біз зерттеуімізде концепт-фрейм және концепт-сценарий ұғымдарын қолданамыз. Өйткені біз концептіні – құрылымдық тұрғыдан фрейм арқылы үлгілеуге келетін менталды бірлік деп түсінеміз [167]. Фрейм – көп компонентті, көлемді концепт. Ол семантикалық өріс ұғымымен байланысты болып келеді. Сол себепті де, тіл арқылы берілетін көптеген ұғымдарды ұғынып түсіндіруде, адам күрделі құрылымдастырылған тұтастық ретінде көрініс беретін идеалды когнитивтік үлгілерге жүгінеді. Ал олар арқылы біз өзіміздің ақиқат, сондай-ақ ойдан шығарылған ғалам туралы білімдерімізді жүзеге асырамыз. Осымен байланысты ғалымдардың басым көпшілігі (қара: Е.Г. Белявская, Н.Н. Болдырев, В.Б. Гольдберг, Е.С. Кубрякова, Дж. Лакофф, Ч. Филлмор және т.б.) тіл жұмсалымын үлгілеу когнитивтік категорияларсыз және ең алдымен, білім категорияларынсыз болмайтынын мойындайды.

Тіл ақпаратты тіркеу, сақтау, өңдеу мен жеткізудің басты құралы ретінде түрлі блоктардың өзіндік жүйесі немесе білім құрылымдары секілді көрініс табады. Бұл когнитивтік құрылымдарды Р. Лэнекер «cognitive domains» (когнитивтік салалар) деп атаса [168], Дж. Лакофф – менталды кеңістіктер [169], ал Ч. Филлмор оларды фрейм деп атайды [170]. Е.Г. Белявскаяның тұжырымдауынша, тілдік жүйедегі білімдерді ұйымдастыру принциптерін зерттеудің ең тиімді амалы – фрейм ұғымын пайдалану [171]. Жалпы, фрейм ұғымын орыс тіл білімінде ғылыми айналымға енгізген ғалым М. Минский

«фрейм – стереотиптік жағдаятты сипаттау үшін қажетті мәліметтер құрылымы», – деп анықтап, фреймдерді, ең алдымен, визуалды суреттермен сәйкестендірген [172].

Біз диссертациялық жұмысымызда зерттеуші Н.Н. Болдыревтің төмендегідей пікіріне қосыламыз: «Фрейм дегеніміз – білімнің құрылымдастырылған бірлігі, онда белгілі бір компоненттер мен олардың арасындағы қарым-қатынастар айқындалады» [173]. Сондай-ақ, фреймдердің ішкі құрылымы болады. Бұл ішкі құрылымның элементтері слоттардың (ағыл. *slot* – терминалды түйіндер деп те аталады) күрделі үйлесімділігінен тұрады. Ал слоттарда күрделілігі тұрғысынан түрлі-түрлі стереотиптік ақпараттар орын алады: нақты нысанның қарапайым белгісінен бастап, арнаулы бағдарлы білімдерге немесе энциклопедиялық мәліметтерге дейін [174].

В.Б. Гольдберг: «Тілдік бірлік мағынасын зерттеуде фреймдік талдау әдісін қолдану адамның тек лингвистикалық емес, сонымен қатар экстралингвистикалық, энциклопедиялық та білімдерін есепке алу қажеттілігінен туындады», – деп көрсетеді [175]. Жалпы, лингвистикада фреймдер деп ортақ семантикасымен біріктірілген тілдік бірліктер де, сондай-ақ олар білдіретін мағыналар да қабылданады. Фреймдік талдау дегеніміз – тілдік бірліктердің мағынасы туралы білімдерді, адамзат тәжірибесінің белгілі бір бөлігін айқындап, оны құрылымдау принциптерін үлгілеуге, сонымен бірге тілдік коммуникация үдерісінде ұғынып-түсінуді қамтамасыз ететін жалпы білімдерді белсендіру амал-тәсілдеріне мүмкіндік беретін тілдің семантикалық және ойлау кеңістіктерінің өзара әрекеттестігін зерттейтін әдіс болып табылады.

Когнитивтік аспектіде кез келген лексикалық бірліктің мағынасын талдау үшін, ең алдымен, сол сөз мағынасының негізіне алынған білім саласын анықтау қажет, яғни құрылымдап сол мағынаны айқындайтын фреймді үлгіге түсіру маңызды болып саналады. Сонымен, фреймдік талдау концептуалды талдау сияқты белгілі бір концептінің нақты концептуалдық сипаттамаларын айқындауға мүмкіндік беріп, тілдік бірліктер семантикасындағы заттар мен құбылыстар концептуалдануының ерекшеліктерін көрсетеді.

Қазіргі заманда бұқаралық ақпарат құралдары және ең алдымен, ғаламтор қоғамдық сананы қалыптастырудың негізгі институттарының бірі болып табылатыны баршамызға белгілі факт: «БАҚ әлем туралы ақпараттың іскери салада да, кәсібиде де, сонымен қатар бос уақыт өткізу мен мәдениет салаларының да негізгі дереккөзі ретінде заманауи адамзат мәдениетіне, дүниетанымына, санасына үнемі ықпал етіп, қоғамдық сананы қалыптастырып, бағыт-бағдар сілтеп отырады» [176]. Ғалым М.Н. Володинаның пікірі бойынша: «БАҚ заманауи адам өмір сүретін белгілі бір мәнмәтіндік-идеологияланған «аудиоконсфераның» пайда болуын қамтамасыз етеді және ол әлемнің нақты концептуалдануын да жүзеге асырады. Дәл осы бұқаралық коммуникация саласы қоғамның «әлеуметтік гипноз генераторы» іспетті болуына септігін тигізіп, ал оның әсерінен біз бір келісімді ассоциация ретінде өмір сүреміз және де дәл осы БАҚ-та тілдің әсер ету қызметі ең бір айқын көрініс табады» [177].

Заманауи «іскер әйел» бейнесінің бұқаралық санада қалыптастырылуының ерекшелігі, оның пайда болуы мен кеңінен таралуындағы БАҚ-тың белсенді қатысуында деп тұжырымдаймыз. «Іскер әйел» концептісі жалпы лингвомәдени концептілердің ішіндегі ең маңыздысы болып саналады. Себебі ол қазақ және еуропалық мәдениет иелерінің заманауи іскер әйелге қатысты көзқарастарын айқындайды. Осы тұрғыдан келгенде, ең алғаш рет «фрейм» термині жасанды интеллект теориясында мәліметтер базасын реттеу үшін қолданылып, одан кейін барып лингвистика саласында пайда болған. Ғалымдар фреймді келесі түрде сипаттайды: «...жақтау сияқты, мысалы: ара ұясының немесе түйіндері бар тор және олардың арасындағы байламдары. Фреймдер гештальттардың бір түрі секілді – ақпаратты кодтаудың аралас түрі, яғни сезімдік және рационалды элементтердің қосындысынан тұратын кешенді, тұтас функционалды құрылымдар» [178].

Фрейм ұғымын қолданған Ч. Филлмор оған мынадай анықтама береді: «Когнитивтік құрылым, ол туралы білім (концептімен ассоциацияланады) белгілі бір сөз арқылы айқындалады» [179]. Фрейм тікелей лексикаға қатысты, бірақ та сол лексикалық бірліктерге қатысты ақпараттан басқа, олар экстралингвистикалық мәліметтерден де тұрады. Мысалы, «іскер әйел» концепті мынадай фреймдер арқылы айқындалуы мүмкін: кәсіп-мамандық, психологиялық сипаттамалар, жеке өмірі, әлеуметтік және заттық (мүліктік) ортасы т.б. Олар бұдан да кең құбылыстар мен үдерістер тобын түсіну үшін қажет. Өйткені фрейм – стереотиптік жағдаятты анықтау үшін қажетті мәліметтер құрылымы болып саналады [172, с. 51].

Әдетте, фрейм құрылымының ең жоғарғы нүктесі (аталымдар, стереотиптік жағдаяттар атаулары), вариативтік компоненттермен толықтырылған слоттары мен терминалдары болады. Осымен байланысты фреймнің иерархиялық ұйымдастырылуы оған пирамидалы форма беріп, ал терминалдары оның төменгі деңгейінде орналастырылады. Қалыптасқан көзқарас бойынша, фреймдер слоттарға жіктеліп, ал терминалдар фрейм элементтерінің сапалық мазмұнын айқындайды. Фрейм құрылымын арнайы зерттеген ғалым А.Г. Баранов: «Фрейм – белгілі бір тілдік амал-тәсілдер арқылы жүзеге асырылатын лингвокогнитивтік ұғым. Фреймнің құрылымы ақиқат шындық нысанын сипаттап, сол туралы бір ақпаратты белгілейтін слоттармен жасалады. Ал слоттар, өз кезегінде, бос түйіндер ретінде көрініс табады. Олар нақты бір күрделі маңызды жағдаят пайда болған жағдайда ғана тілдік тұрғыдан маңызды ауыспалы немесе сәйкес бола бермейтін сипаттамалармен толықтырылады» [180].

Біздің ойымызша, фрейм, сценарий, скрипт секілді бірліктер концептіге қарағанда айқын, нақтырақ құрылымға ие, сол себепті де қазіргі медиадискурстағы «іскер әйел» концептісінің үлгісін жасау үшін тиімді болады. Зерттеуші Т.Н. Никульшина: «Фрейм түрлі білімдерді көрсетудің ең бір ыңғайлы формасы болып саналады. Өйткені, біріншіден, негізгі және типтік ақпаратты білдіреді; екіншіден, сол концептімен ассоциацияланатын түрлі ретсіз және шашыраңқы бірліктерді ретке келтіріп, білімдерді белгілі бір

бағыттар бойынша құрылымдастыруға септігін тигізеді; үшіншіден, фреймнің түрлі деңгейлері ассоциативтік байланыстарға негізделеді. Ал бұл дегеніміз – жалпы адам ойлау жүйесінің ассоциативтік сипатын айқындайды» [181].

Яғни фрейм – «бір ұғым айналасына ұйымдасқан білім бірлігі; стереотиптік жағдаяттарды көрсетуге арналған мәліметтер құрылымы, әсіресе жадты үлкен көлемдерін ұйымдастыру үшін» [182]. Сонымен, фрейм дегеніміз – қоршаған ортаны түсіну мен қабылдауды ұйымдастыратын элемент. Ол қоршаған орта нысандары мен құбылыстары, стереотиптік жағдаят пен сөйлеу стереотиптік мінез-құлықты айқындауға бағытталған мәліметтердің когнитивтік құрылымы деп түсініледі.

Медиадискурстағы заманауи «іскер әйел» – өз бизнесін жүргізетін, пайда, табыс әкелетін өзінің жеке ісі бар, жауапты лауазымға ие басшы әйел. БАҚ мәтіндеріндегі «іскер әйел» бейнесі бірнеше маңызды белгілермен сипатталады: кәсіби, моральді-психологиялық қасиеттер, интеллектуалды қабілеттер, сыртқы келбеті, киімі, жасы т.б. «Іскер әйел» концептісінің фреймдік құрылымы төрт слоттан (фреймдік құрылымының менталды түйіндері) құралады: 1. Кәсіп, мамандық. 2. Психологиялық сипаттамалар. 3. Жеке өмірі (отбасы жағдайы). 4. Әлеуметтік ортасы мен материалдық жағдайының деңгейі (6-сурет).



Сурет 6 – «Іскер әйел» концептінің фреймдік құрылымы

«Іскер әйел» концептісінің фреймдік құрылымын көрнекі түрде 6-суретте төмендегідей көрсетуге болады (ең жоғарғы нүктесі – орталықтық өзегі – фрейм атауы, одан кейін төменірек слоттары орналастырылады):

1-слот. Кәсіп, мамандық. Іскер әйелдер өздерінің айналысатын кәсібі, мамандығы бойынша *менеджер, топ-менеджер, қаржы директоры, арт-директор, сұлулық салонының директоры, компания президенті, журналдың бас редакторы, мемлекеттік лауазым иесі,* т.б. болып келеді. Қазақ және француз тілдерінде мысал келтіретін болсақ:

«Қарап отырсаңыз, қазіргі қазақ әйелдері шетінен іскер. Олар отбасындағы әйелдік, аналық міндеттерін атқара жүріп, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласуда. Бизнес ашып, оны табысты дөңгелетіп жүргендері де көп. Бүгінде қай саланы алып қарасаңыз, да істің басында үлкен

жауапкершілікті абыроймен атқарып жүрген әйелдерді көресіз. Бала тәрбиесімен үйде отырған әйелдердің өзі қарап отырған жоқ. Олар қолдарына балаларын ұстап отырып-ақ, галамтор арқылы түрлі жолмен табыс табуда. Олардың ішінде түрлі тәтті тоқаштар пісіріп сатып жатқандары да, тоқыма тоқып, киім тігетіндері де бар. Желілі бизнеспен де айналысып жүргендері қаншама. Мұның бәрі бүгінгі заманымыздың мүмкіндіктері» [183].

«Эльмира Созақбаева – кәсіпкер. Шымкент қаласы бойынша Іскер әйелдер ассоциациясын басқарады» [184].

«Жастайымнан өз кәсібімді ашсам деп армандайтынмын. Зашаған кентінде халықтың сұранысын толық қанағаттандыратын сұлулық салондары жоқтың қасы. Сол себепті қыз-келіншектерге барлық қызметтің түрін көрсететін, көптің көңілінен шығатын салон ашу көптен ойымда жүрді. Сол арманым жүзеге асып, осыдан екі ай бұрын қызымның есімімен «Гүлнафис» салонын аштым. Салонға кірген адам шаш пен қасты қиып, тырнағын бояп, кірпігін ұзартып хас сұлуға айналады. Қазір қарапайым қонақтыққа бару үшін салон қызметіне жүгінетін болдық. Менің мақсатым – әр тұтынушыға сапалы қызмет көрсету. Ол үшін уақытпен санаспай жұмыс жасап, тәжірибе жинадым. Қасыма іскер, еңбекқор қыздарды алып, ісімді бастадым, – дейді Гүлмира» [185].

«Le constat est sévère. «Quand nous avons lancé la French Tech, tout paraissait possible. C'était l'occasion de remettre les compteurs à zéro, y compris en matière d'égalité des chances», se souvient Axelle Lemaire, associée du cabinet de conseil Roland Berger et ancienne secrétaire d'Etat au numérique (2014-2017). «Près de sept ans après, la promesse n'a pas été tenue», regrette-t-elle. Le secteur de la «tech» reste largement masculin et, en particulier, celui des start-up de la finance aussi appelées les «fintech» (« Бақылау қатал. «Бізге French Tech-ті іске қосқан кезде бәрі мүмкін болып көрінді. Бұл барлық нәрсені жаңадан бастауға, соның ішінде мүмкіндіктердің тең екеніндігін де анықтауға мүмкіндік болды », - деп еске алады Roland Berger консалтингтік компаниясының серіктесі және бұрынғы мемлекеттік цифрлық хатшы (2014-2017). «Жеті жыл өткен соң да уәде орындалған жоқ», – деп өкінеді ол. Технологиялық секторда әлі күнге дейін негізінен ерлер болып табылады, атап айтқанда, «финтех» деп аталатын қаржылық стартаптар секторы» [186].

2-слот. Психологиялық сипаттамалар. Қазіргі заманауи іскер әйелдердің басты ерекшеліктері – жақсы білімді, еңбекқорлық, табандылық, шыдамдылық, құзыреттілік, жоғары кәсіби қасиеттерге ие т.б. Қазіргі іскер әйелдерге тән келетін басымдықтар – «іс, кәсіп, бизнес», мансаптық өсу, осымен қатар отбасы, бала-шаға (негізінен қазақ іскер әйелдеріне қатысты). Мысалы:

«Жетістік қашанда ақылдылар мен шыдамдыларды, төзімділер мен мықтыларды, керек десеңіз, тәуекелшілер мен біліктілерді жақсы көреді. Оны осындай адамдардың басына қонатын бақ құсы деуге болатын шығар. Басқа қонған бақ құсының ұзақ қоныстануы да, тез ұшып кетуі де тікелей өзіңізге байланысты. Оған бап керек, ақыл керек, асқан шыдамдылық керек. Көбісі жетістікке жеткенімен, оны ұзақ ұстап тұру жолдарын білмегеннен әзер

қондырған құстарын тез ұшырып алып жатады. Жетістікке, биікке ұмтылған әр адам сол жағын да ойлануы керек» [183, б. 4-5].

«Қазіргі таңда кентте 14 сұлулық салоны бар. «Еңбегіне қарай өнбегі» демекші, еңбекқұмарлығы мен табандылығының арқасында кәсібінен нәсібін көруді көздеген жанның бұл ісі көпке үлгі болары сөзсіз» [185].

«Ілім-білім алу, жаңа нәрселер үйрену – менің өмірлік ұстанымым. Мен жаңа іс үйренуден еш жалықпайтын адаммын» [183, б. 4-5].

«Айта кетейін, іскер әйел, ең алдымен ол – табысты әйел. Жұмыс уақытын дұрыс жоспарлайтын, өмірде не қалайтынын, өз алдына қойған мақсатын анық білетін жан. Тағы да айтар едім, іскер әйел – соңғы нәтижені өз пайдасы үшін ғана емес, ұжымның пайдасы үшін де бағыттайтын адам. Қандай да бір кәсіпті, өндіріс орнын аша отырып, бизнес-жоспар бойынша табыс табуды ғана емес, тұтынушыға да қандай пайда келтіретінін ойлауы керек. Іскер де табысты болу оңай емес. Оған күнделікті еңбек пен өзін-өзі кемелдендірудің арқасында қол жеткізуге болады. Осы мақсатта әйелдер үшін тайм-менеджмент, тұлғалық қалыптасу, коучинг бойынша көптеген іскерлік-сағаттар мен тренингдер өткізіледі. Іскер жандар соларға уақыт тауып қатысып отырса, еш ұтылмайды» [187].

«Il faut reconnaître que peu d'organisations manifestent un sentiment d'urgence sur la question de la parité. Une étude IBM Institute for Business Value montre que 79% des entreprises estiment que la promotion des femmes à des postes à responsabilité ne fait pas partie de leurs priorités business. Un autre point est intéressant à noter: 65% des cadres masculins estiment qu'ils auraient été promus de la même manière s'ils avaient été des femmes, alors que 60% des femmes pensent qu'elles auraient eu plus de chances d'être promues si elles avaient été des hommes. Il y a donc toute une culture et une éducation à créer pour réduire les écarts de traitement dans le monde du travail et arriver à une plus grande mixité dans les équipes. Il faut en particulier convaincre les jeunes filles et leurs familles de l'intérêt de se lancer dans des carrières scientifiques» («Гендерлік мәселелерді шешуде бірнеше ұйым ғана шұғыл қажеттілікке ие екенін мойындау керек. IBM бизнес құндылықтар институтының сауалнамасы көрсеткендей, компаниялардың 79%-ы әйелдерді жауапты лауазымдарға жылжыту олардың кәсіби іскерлік қасиеттерінің бірі емес деп санайды. Тағы бір қызықты сәт: ер менеджерлердің 65%-ы егер әйел болса, олар жоғары лауазымға ие болу мүмкіндігі жоғары болар еді деп санайды, ал әйелдердің 60%-ы егер олар ер адам болса, мансаптық жоғарылау ықтималдығы жоғары болады деп санайды. Сондықтан еңбек әлеміндегі айырмашылықтарды азайту және ұжымдарда гендерлік әртүрлілікке қол жеткізу үшін тұтас мәдениет пен білім құру қажет. Атап айтқанда, жас қыздар мен олардың отбасыларын ғылыми мансаптың артықшылықтарына сендіру керек») [188].

«J'ai passé plusieurs années dans le monde des centres d'appels européens, un environnement dynamique, multiculturel, où il est habituel de changer de fonction tous les 18 mois. Ma carrière ne s'est donc pas construite à partir d'une expertise unique, mais en ajoutant différentes cordes à mon arc. J'ai eu beaucoup de mentors,

notamment un manager chez IBM qui m'a toujours dit que, si l'on souhaite évoluer, il faut le faire savoir sans quoi cela n'arrivera pas tout seul. Il avait parfaitement intégré le fait que les femmes devaient oser comme le font les hommes, eux, de manière beaucoup plus naturelle» («Мен бірнеше жыл бойы еуропалық байланыс орталықтарында болдым, динамикалық, көп мәдениетті орта, онда әр 18 айда бір рет жұмыс ауыстыру қалыпты жағдай. Сондықтан мен тек бір сараптамамен айналысып қана емес, әртүрлі қосымша жұмыстарды да қатар атқардым. Менде көптеген тәлімгерлер болды, атап айтқанда IBM-дегі, менеджер, егер сіз дамығыңыз келсе, бұл туралы айтуыңыз керек, әйтпесе бұл өздігінен болмайды. Ол әйелдердің ер адамдардың іс-әрекетін әлдеқайда табиғи түрде жасауға батылдық танытуы керек екенін жақсы түсінді») [188].

Au sein d'IBM, des formations spécifiques, « Building Relationships and Influence (BRI)», sont organisées sur deux à trois jours pour sensibiliser les femmes aux clés du succès pour progresser dans l'entreprise : faire connaître ses ambitions, saisir les opportunités, savoir s'affirmer» («IBM аясында екі-үш күн ішінде әйелдерді компанияда алға жылжуына ықпал ететін маңызды ақпараттармен таныстыру үшін «қарым-қатынас құру және әсер ету (BRI)» арнайы оқу курстары ұйымдастырылады: өз амбициясын білдіру, мүмкіндіктерді пайдалану, өзін-өзі көрсете білу») [188].

«Candide, Laurence Boone? «Non, c'est une femme très bienveillante et positive, ce qui ne l'empêche pas d'avoir des avis tranchés sur ce qui est juste ou faux, car elle possède un solide bagage théorique», décrit Ludovic Subran, directeur de la recherche économique chez Allianz. L'économiste française – un «mentor», dit-il – sait ce qu'elle veut et où elle va. A l'aise avec les «maîtres du monde» du Forum de Davos comme dans le club sélect des banquiers centraux européens, elle a su construire sa carrière avec méthode et tisser un réseau puissant» («Кандидат Лоуренс Бун? "Жоқ, ол өте мейірімді және позитивті әйел, бірақ оған дұрыс немесе бұрыс деп нақты пікірде болуына бұл қасиеттері ешқандай кедергі келтірмейді, өйткені ол теориялық тұрғыдан дайын», – деп сипаттайды Луис Субран, Allianz компаниясының экономикалық зерттеулер бөлімінің жетекшісі. Француз экономисі – «тәлімгер», оның айтуынша, ол не қалайтынын және қайда бара жатқанын біледі. Давос форумында «әлем шеберлерімен», сондай-ақ еуропалық орталық банкирлер клубында еркін сөйлесе отырып, ол өзінің мансабын әдістемелік түрде және қуатты желі құрғанын айтқан») [189].

Қазақ және француз тілдеріндегі қазіргі БАҚ мәтіндерін мәнмәтіндік семантикалық талдау нәтижесінде төмендегідей өзекті сипаттамалар анықталды: құзыреттілік, интеллектуалды қабілеттер, көшбасшылық қасиеттер, табандылық, төзімділік, шыдамдылық, дарын, өзгерістерге тез бейімделу т.б.

3-слот. Жеке өмір. Заманауи қоғам үрдістері іскер, табысты әйел болу үшін, ең алдымен, мансап жолында жетістікке жетіп, ақша тауып, одан кейін барып отбасын құрғаны дұрыс дегенді меңзейтіні белгілі. Алайда қазақтың дәстүрлі мәдениетінің басты өлшемшарттары заманауи қоғамда да қатаң сақталып келеді:

«Басқарушылық – бұл өнер. Уақытты басқару – болашақты басқару дегеніміз, бизнесті басқару, ақпаратқа ие болу. Басқа адамдардың уақытын бағалау, командаға дұрыс адамдарды таңдай білу, отбасы мен жұмыс арасында теңгерімді ұстай білу өте маңызды. Қоғамда әйел іскер болса, мансап құса, отбасын құра алмайды немесе басқа істі құрбан ету керек деген пікір бар. Бұл пікірмен келіспеуге болады. Іскер әйел екі жақты да тамаша алып жүре алады, мен өзім бес баланы тәрбиелеп отырмын», – деді Алма Архабаева» [190].

«-Мен текті жерге келін болып түстім. Мені қыздарындай қабылдаған атам мен енеме өте ризамын. Нені оқып, нені үйренемін десем де, бетімнен қақпаған жолдасыма да алғысым шексіз. 2017 жылы іскер, бизнесмен, көпбалалы әйелдердің арасында өткен «Асыл ана – Астана» республикалық байқауында бас жүлдені иелендім. Өмірдегі осындай жетістіктерімнің бәрі жолдасымның арқасы. Адамның өмірін мәнді ететін де, сәнді ететін де ұрпағы зой. Отбасында жеті бала тәрбиелеп өсіріп отырмыз. Әр ата-ана ұрпағының саналы да салиқалы болып өскенін қалайды емес пе?! Біздің тілеуіміз де сол» [183, б. 4-5].

«Бүгінде қазақтар отбасына, туғанына, жүзге, барша қазақ халқына адалдығын, халықтық мүдделерді қорғауға біріге түскен. Қазақ әйелдері мен қыздары өте қарапайым, сол үшін де біз билікке келгенде, отбасынан бастап мемлекетке дейін ерлер үстемдік ететінін айта аламыз»; «Қазақ әйелі ешқашан ерлерін төмендеткен емес. Отбасындағы келісім, саясаттағы табыстың құпиясы да осында. Оның бойындағы адамзаттың құндылықтары, өркениеттің жоғарғы көрсеткіші, балалар мен үлкендерге деген сүйіспеншілік және жұмсақтық тумысынан берілген қасиет» [191].

«Бакалавриатты есептемегенде, магистратура мен докторлық дәреже алу үшін оқып жатқан білім алушылардың да басым бөлігі – нәзік жандылар. Бұл Қазақстандағы әйелдердің білім деңгейінің жоғарылығын көрсетеді. Тіпті, құрылыс пен ауылшаруашылығында да әйелдердің үлесі аз емес. Қазақ әйелі, ең алдымен, отбасы берекесі, отағасының адал жары, сенімді серігі, ақылшысы, балаларының мейірімді анасы, туған-туыстарының қамқоршысы, жанашыры. Содан соң Қазақстанның ілгерілеп дамуына өз үлесін қосып жатқан, қоғамның барлық салаларында қызмет етіп жүрген белсенді мүшесі, қазіргі заман қаһарманы. Үшіншіден, қазақ әйелі нәзік болмысты парасатты жан, сұлулық пен сымбаттылықтың символы. Нәзік жандылар ерлерге қарағанда нәзік, ақылды, кешірімді, төзімді болып келеді. Ұлтымызды ұйытып, ұрпақ тәрбиелеп отырған да әйел. Әйелдер бүгінде қоғамдық мәселелерді шешуде белсенді, жоғарыда айтып кеттім, өміріміздің барлық салаларында қызмет етеді. Әйел – министр, әйел – саясаткер, әйел – қоғам қайраткері, әйел – ғалым... Осылайша жалғастыра беруге болады» [191].

«Әйелдер ең алдымен жолдасының жары, балаларының анасы, одан кейін ғана кәсіпкер, іскер әйел, саясаткер екендерін ұмытпаулары керек. Сонда ғана отбасында береке болады. Әрине, барлығына бірдей уақыт жете бермейді, сол себепті де біз іскерлімізді танытып, уақытымызды нақты

жоспарлап, мақсат қойып, жетістікке жетіп, пайда келтіре білуіміз қажет» [187].

Француз мәдениетінде аталған қағидаттар айтарлықтай маңызды емес, дегенмен орын алады (әсіресе, өзге ел, ұлт өкілдері үшін). Мысалы: «Autour d'elle, Coumba Diakité sent parfois encore le doute planer. «*J'aime l'idée d'entreprendre, confie-t-elle. Mon mari l'accepte très bien aussi, mais je sais que c'est parce que j'ai fait les choses dans l'ordre: en me mariant d'abord et en ayant deux enfants avant de monter mon affaire. Pourtant, j'entends encore autour de moi des personnes dubitatives, pour qui je devrais avoir un emploi salarié. Cela reste la norme dans beaucoup d'esprits masculins. Plus encore parce que je suis diplômée de l'enseignement supérieur*», regrette la jeune femme. Un regret qui pèse peu, car, au fil des ans, elle a appris le discernement, persuadée aujourd'hui qu'il faut savoir faire mentir la tradition» («Кумба Диаките кейде өз-өзінен күмәнданады. Маған кәсіпкерлік идеясы ұнайды», – дейді ол. Менің күйеуім де мұны өте жақсы қабылдайды, бірақ мен бәрін дұрыс жасағанымды білемін: алдымен тұрмыс құрып, екі бала туып, содан кейін өз бизнесімді құрдым. Алайда мен әлі күнге дейін айналамдағы адамдар маған жалданған жұмысым болуы керек деп күмәнмен қарайтынын білемін. Бұл әлі күнге дейін көптеген ерлердің санасында норма. Оның үстіне мен жоғары оқу орнының түлегімін», – деп өкінеді қыз. Бірақ көп мазаламайтын өкініш, өйткені жылдар өте келе ол талғампаз болуды үйренді және қазір уақытта дәстүрлерді елемей керек екеніне сенімді») [192].

«Le monde de Laurence Boone est «*super-sympa*». En tout cas, c'est elle qui l'affirme. A propos de son poste actuel, «*un job super*»: celui d'économiste en chef de l'Organisation de coopération et de développement économiques (OCDE), qu'elle occupe depuis un an tout juste. Mais aussi de son cursus, et notamment «*sa super-opportunité*» d'avoir étudié en Angleterre. De son mari aussi, «*hyper-sympa*». Et même... des sommets du G20, où l'ex – «*sherpa*» (conseillère) de François Hollande s'est fait plein de «*copains*» («Лоуренс Бун әлемі – «суперсимпатия». Кем дегенде, ол осылай дейді. Өзінің қазіргі жұмысы туралы: «тамаша жұмыс»: экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) бас экономисі болып тек бір жыл ғана істеп жатыр. Сондай-ақ, ол өзінің шығу тегі туралы айтқанда, әсіресе Англияда оқудың «супер мүмкіндігі» болыпты. Оның күйеуі де «гипер сүйкімді». Тіпті... G20 саммиттерінде Франсуа Олландтың бұрынғы «шерпасы» (кенесші) көптеген «достар» тапқан») [189].

L'aboutissement d'un labeur acharné, entend-on à propos de cette bûcheuse, mère de deux garçons, qui confesse avoir pris «*la mauvaise habitude de continuer à travailler, le soir, une fois les enfants couchés*». Le résultat, également, d'une grande habileté relationnelle. «*Elle est trop forte, s'amuse un proche. Toujours souriante et affable, même dans les trucs les plus ennuyeux*» («Ауыр жұмыстың нәтижесі: екі ұлдың анасы ағаш кесуші туралы естуге болады, ол «балалар ұйықтаған кезде кешке жұмыс істеуді әдетке айналдырғанын» мойындайды. Бұл сонымен қатар тамаша тұлғааралық дағдылардың нәтижесі. Ол «тым күшті», - деп күледі досы. Тіпті ең қызықсыз істерде де ол әрқашан мейірімді, күлімсіреп тұрады») [189].

4-слот. Әлеуметтік ортасы мен материалдық жағдайының деңгейі. Қазақ және француз медиадискурстары жақсы білімі бар «іскер әйел» бейнесін ұсынады, мысалы:

«Жеті баланы дүниеге әкеліп тәрбиелеп отырғандықтан, психологияны көп оқимын. Нейрографиканы психологияның бір тармағы деуімізге болады. Бұл ғылым түрі біздің елімізде енді ғана дамып келе жатыр. Мен оны Ресейдің Санкт-Петербург қаласында тұратын ғалым, данышпан Пискеревтің шәкірттерінен 8-9 жыл оқып үйрендім. Адамға сурет салдыру арқылы миындағы жазбаларды оқып, қандай проблема барын анықтаймын» [183].

«Қытай медицинасы бойынша хиджама жасауды үйреніп, он төрт жылдан бері қосымша айналысып келемін. Хиджама жасаудың жоғары дәрежелі маманымын. Мен он сегіз жасымда тұрмысқа шықтым. Жолдасым өзімнен он үш жас үлкен, үш жоғары білімі бар азамат. Ұзатылуымда әкем маған: «Қызым, күйеуіңмен бақытты жанұя болып тұрғың келсе, өмір бойы оқуыңа тура келеді. Ерлі-зайыптылардың рухани деңгейі бірдей болмаса, үйлесімділік болмайды. Жанұяңның бақыты үшін осыны есіңнен шығарма,» – деп өсиет етті. Осы сөзі өмір бойы миыма жазылып қалғандықтан, әлі күнге дейін жалықпай, шаршамай оқып-тоқып келемін деуіме болады...» [183].

«Etrange ironie, son identité européenne est née au Royaume-Uni, ce membre contrarié de l'UE qui veut la quitter. Erasmus, un programme alors tout neuf, permet à la jeune fille éduquée à l'Ecole du Sacré-Cœur et à Notre-Dame de Sion de prendre le large. Direction l'autre côté de la Manche, pour aller étudier dans une langue qu'elle maîtrise encore mal, en dépit de lointaines racines irlandaises. Le handicap est vite surmonté: la Française décroche un master en économétrie avancée à l'université de Reading, et un PhD (doctorat) à la London Business School. Dans l'intervalle, elle devient bilingue. Elle manie aujourd'hui le «franglais» à merveille» («Таңғаларлық ирониямен оның еуропалық тұлғасы Ұлыбританияда дүниеге келді, оның ЕО-дан шыққысы келгеніне ренжіген мүшесі. Сол кезде мүлдем жаңа Эразмус бағдарламасы Сакре-Кер және Нотр-Дам-де-Сион мектебінде білім алған қызға еңбек жолын бастауға мүмкіндік берді. Ол тереңдегі ирландиялық тамырларына қарамастан, әлі де нашар меңгерген тілде оқу үшін Ла-Манштың екінші жағына кетті. Бұл кедергі тез арада жойылды: француз қызы Реддинг университетінің эконометрика саласындағы магистр дәрежесін және Лондон бизнес мектебінің философия докторы дәрежесін алды. Сонымен бірге ол екі тілді болды. Бүгінде ол француз тілін жетік меңгерген») [189].

«Née le 1^{er} juillet 1975, dans le Haut-Rhin, au sein d'une famille protestante, Anne-Laure Kiechel n'était pas vraiment programmée pour devenir banquière. Son père est un pharmacologue engagé dans l'humanitaire. Fille unique, elle grandit aux États-Unis, en Suisse, en France, en Allemagne, au gré des mutations familiales, ce qui lui vaut de parler trois langues couramment et de développer son sens de l'adaptation. Élève brillante, elle passe dix ans à jouer du piano six heures par jour, multipliant concerts et concours. Elle arrête d'un coup: «Je ne me trouvais pas assez bonne. Pour moi, c'est tout ou rien» («Анн-Лор Кишель 1975 жылы 1 шілдеде Францияның Жоғарғы Рейн аймағында протестанттық отбасында дүниеге келді

және банкир болады деп ешкім ойламаған. Оның әкесі гуманитарлық қызметпен айналысатын фармаколог болған. Отбасында жалғыз бала. Ол отбасының әр мемлекетке көшуіне байланысты АҚШ, Швейцария, Франция және Германияда өсті, бұл оған үш тілде еркін сөйлеуге және бейімделу сезімін дамытуға мүмкіндік берді. Керемет оқушы болды. Ол он жыл бойы күніне алты сағат фортепианода ойнап, концерттер беріп, конкурстарға қатысты. Ол кенеттен бәрін тоқтатып: «Мен жеткілікті, жақсымын деп ойламадым. Менің барым да, нарым да аталған жетістіктерім») [193].

Іскер әйелдерге арналған қазіргі БАҚ мәтіндерінде іскер, басшы әйел бейнесін қалыптастыру үшін маңызды болып саналатын, олардың сырт келбетіне, киімі мен әшекейлеріне, керек-жарақтарына қатысты ақпарат жиі орын алады. Мысалы:

«Біздің кейіпкеріміз ертең, 5 наурыз күні, өмірінің елуінші көктемін қарсы алады. Оның төлқұжатындағы жазуды есептемегенде, көңілі мен келбетін елуге оңай қия алмайсыз. Әдемі әйел...Ол – еліміздегі ірі банктердің бірі «БТА Банк» АҚ Ақтөбе филиалының директоры Дания Еспаева» [194].

«*Ses employeurs se l'arrachent pour cela: en sus d'un cerveau de compétition, la jeune femme de 44 ans, silhouette gracile et regard clair perçant, sait se rendre toujours disponible, prête à faire exploser son emploi du temps pour sauter dans un avion et traverser les continents*» («Жұмыс берушілер оның ізіне түскен: бәсекеге қабілетті мидан басқа, 44 жастағы әйел сымбатты фигурасы және жарқыраған көздері бар, өзін әрқашан қол жетімді етуді біледі, ұшаққа отырып, құрлықтарды кесіп өту үшін жұмыс кестесінен бос орын – уақыт табуға дайын») [193].

«*A la voir comme cela, toute jeune – elle a 22 ans –, l'allure d'une étudiante pleine de vie, tenue décontractée, s'installer à la table du Villaret, une jolie adresse du 11^e arrondissement de Paris, on ne pense pas que Léa Koch a déjà une carrière de sommelière derrière elle. Mais on comprend vite que la jeune fille, yeux clairs, cheveux châtain, sait de quoi elle parle. «C'est ici que j'ai payé ma première romanée-conti [domaine mythique de la côte-de-nuits, en Bourgogne], une 2008, avec mon copain de l'époque qui était responsable de cave dans le 3^e arrondissement. Une expérience superbe, à 1 500 euros la bouteille!», s'amuse-t-elle*» («Париждің 11-ші округіндегі сүйкімді мекемеде Le Villaret-тің үстелінде ұқыпсыз киінген, өте жас 22 жастағы студент сияқты көрінген Леа Кохты сомелье лауазым иесі деп ойламайсыз. Бірақ көп ұзамай сіз көзі ашық, қоңыр шашты қыздың не туралы айтатынын білесіз: «Дәл осы жерде мен алғашқы романе-конті үшін [Бургундиядағы Кот-де-Нюидің мифтік жері] 2008 жылы сол кезде 3-ші округте жертөле менеджері болып жұмыс істеген жігітіммен бірге төледім. Бұл керемет тәжірибе болды, бір бөтелке үшін 1 500 евро», – деп күледі ол») [195].

Талдауға алынған концепт киімнің іскери стилі, іскери сән туралы ақпаратты да қамтиды, себебі стильге сәйкес киіне білген бизнес-ханшайымдар қызметте де, жеке өмірде де үлкен табыстарға қол жеткізе алады: «*Қатаңдық, шектеу және консерватизм іскер әйелдер үшін ресми киімнің негізгі*

сипаттамалары болып табылады. Бұл стиль сіздің мансабыңызда қанишалықты сәтті болғаныңызды көрсетуге арналған» [196].

Сонымен, заманауи іскер әйелінің фреймдік үлгісі – жасы 30 бен 60-тың аралығындағы, білімді де білікті, табысты мансапқа ие, бизнес саласында айтарлықтай жоғары лауазым иесі, жоғары дамыған кәсіби қасиеттерге ие, жұмысқа қабілеттілігі өте жоғары және аса еңбекқор әйел дегенді айқындайды. Іскер әйелдердің басты ерекшелігі – жоғары белсенділік дәрежесі: «Le débit est si rapide que les phrases s'accrochent les unes aux autres presque sans ponctuation. Anne-Laure Kiechel, conseillère économique d'une dizaine de chefs d'État ou de gouvernement, dont le premier ministre grec, Alexis Tsipras, n'a pas de temps à perdre. Sa vie ressemble à un tourbillon permanent de réunions, visioconférences, déplacements et nuits blanches, deux portables toujours à portée de main, dont les écrans clignotent sans cesse, signalant l'afflux de messages» («Ағын соншалықты жылдам, сондықтан сөйлемдер тыныс белгілерінсіз бірге тұрады. Грекияның премьер-министрі Алексис Ципрасты қоса алғанда, ондаған мемлекет және үкімет басшыларының экономикалық кеңесшісі Анн-Лор Кишель уақытты ысырап етпейді. Оның өмірі үнемі кездесулер, бейнеконференциялар, саяхаттар және ұйқысыз түндер сияқты, екі ұялы телефон әрқашан қолында, олардың экрандары үнемі жыпылықтап, хабарлама ағынын көрсетеді») [193]. Яғни оларды басқа әйелдерден өзгеше етіп көрсететін маңызды белгілер: өзі қабылдаған шешімдеріне жауапты болуы және өзге тұлғалар үшін жауапкершілігі, кез келген стресске төзімділігі, мінез-құлықтық және когнитивтік икемділік, т.б.

2.4 Қазіргі медиамәтіндерде «іскер әйел» бейнесін қалыптастыратын тілдік құралдар

Соңғы кезде жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулердің теориялық бағыттары түрлі семиотикалық жүйелер элементтерінің анықтамасы мен сәйкестігіне қатысты бірқатар мәселелерді ерекше атап көрсетуімен сипатталады. Олардың қатарына таңба, бейне, символ, концепт және заманауи қоғам мәдениетінде атқаратын қызметтерін де жатқызуға болады. Әсіресе, тіл және мәдениеттің өзара байланысы мен өзара әрекеттестігіне тікелей қатысты ғылыми білім саласы ерекше назар аудартады. Оған дәлел ретінде зерттеу еңбектері лингвомәдениеттаным мәселелеріне арналған төмендегідей ғалымдардың тізімін келтіруге болады: Н.Ф. Алефиренко, Ю.Д. Апресян, А.А.Залевская, Н.Д. Арутюнова, Т.В. Булыгина, А. Вежбицкая, В.И. Карасик, А.Д. Шмелев, В.Т. Клоков, Д.С. Лихачев, Г.Г. Слышкин, З.Д. Попова, И.А. Стернин т.б.

Сондай-ақ, қазіргі филологиялық ғылымның дамуын айқындайтын ең бір маңызды бағыттардың бірі – антропоэлектік болуына орай, «сөйлеуші тұлға» маңызын антропологиялық тұрғыдан зерттеу болып саналады (С.А. Кузнецов, В.И. Карасик, Ю.А. Сорокин, т.б.). Қазіргі ғылыми жарияланымдарға шолу жасау барысында ғалымдардың тілдік тұлғаның лингвокогнитивтік қызметін зерттеуге қызығушылығының артқанын байқадық (Е.Г. Белявская,

А.М. Шахнарович, Дж. Тейлор т.б.). Байқағанымыздай, Ресейдің когнитивист зерттеушілерінің (С.Г. Воркачев, А.П. Бабушкин, т.б.) еңбектерінде «сөйлеуші тұлғаның» этномәдениеттанымдық мінез-құлқына ерекше мән беріледі.

Сонымен, соңғы кездері лингвистикалық білімнің қолданбалы аспектісі аса маңызға ие болып келеді. Яғни тілді – бүкіл сөздік қор лексемаларында, фразеологиялық бірліктерде, жалпыға танымал мәтіндерде, қалыпты этикетті жағдаяттарда т.б. кодталған ұжымдық тәжірибені ұғыну құралы деп қабылдау. Шет тілін меңгерудің мән-маңызы да осыдан туындайды. Себебі, бұқаралық ақпараттың коммуникативтік ортасына және жарнамалық, саяси әсер ету практикасына тікелей қатысты. Бұл біздің жұмысымыздың да өзектілігін айқындайды.

Тіл ғылымының лингвомәдениеттаным саласы өзінің тілдік мәртебесін мәдениет өнімі, оның ажыратылмас құрамдас бір бөлігі ретінде анықтайды және біздің зерттеуіміз үшін ең маңыздысы – мәдени ақпарат пен түсініктерді қалыптастырушы фактор болып табылады. В.Т. Клоков: «Кез келген аталымдық бірлік, сөз немесе сөз орамы болсын, нысанды белгілей отырып, оны тіл иелері қоршаған ортаны ұғынып түсіну үшін қалыптастырып қолданатын түрлі ойлау жүйелері арқылы сипаттайды», – деп көрсетеді [197].

Осымен байланысты ғылымда мәдениет анықтамасының көптеген түрлі көзқарастарға негізделген нұсқалары бар. Мәселен, Ю.М. Лотман анықтамасы семиотикаға негізделіп, «бүкіл ақпараттардың, оны ұйымдастыру мен сақтау тәсілдерінің жиынтығы» дегенді білдіреді [198]. Яғни мәдениетті ақпарат, ал тілді танымдық қызметтің ең бір басты амалы, сонымен қатар ақпаратты алу, беру және сақтау тәсілі ретінде қарастыру, біздің ойымызша, әбден қисынды. Өйткені тіл арқылы тіркелетін таным нәтижелері бізге жұмысымызда когнитивтік лингвистика әдіс-тәсілдері мен принциптерін пайдалануға мүмкіндік береді. Әсіресе, когнитивист-ғалым Н.Н. Болдырев атап көрсеткендей: «Танымдық және сөйлеу-ойлау үдерістеріндегі адамның ерекше рөліне, сондай-ақ оның тек ұжымдық түріне ғана емес, сондай-ақ жеке тұлға, дара адамның да сөйлеуші ретіндегі нақты біліміне де» басты назар аударуға болады [199].

Когнитивтік семантиканың жеке тұлғаға қатысты: «адам (жеке тұлға) бақылаушы, «категоризатор» және «концептуализатор» болып табылады» деген ұстанымы біздің зерттеуіміз үшін аса маңызды. Адамның қоршаған ортаны игеру мен түсінуге бағытталған танымдық қызметінің түпкі нәтижесі – категориялар мен концептілер болып саналады. Олар белгілі бір тіркелген белгілер жиынтығы бойынша әлемді құрылымдауға мүмкіндік туғызады: «Концептуалдау дегеніміз – келіп түскен ақпаратты ұғыну, ғалам туралы белгілі бір көріністердің концепт түрінде қалыптасуына алып келетін заттар мен құбылыстардың ойша құрылымдастырылуы дегенді білдіреді... Бұл концептілердің басым көпшілігі тілде нақты бір сөздердің мағынасында тіркеліп, алған білімнің сақталуы мен ары қарай берілуін, жеткізілуін қамтамасыз етеді» [199, с. 22].

Біз жұмысымызда төмендегідей көзқарасты басшылыққа аламыз: мәдениет үшін маңызды болып саналатын концепт қоғамда қолданылып қана қоймайды. Ол сол қоғамда қолданушылар, яғни мүшелерінің ықпалында да болады. Мәдениет иелері ықпалының әсерінен концептілер өзгерістерге ұшырап, мән-мағынасының бір белгілерін жоғалтады немесе жаңа мәндерге ие бола алады. Мұндай жағдаяттарда БАҚ-тың рөлі өте жоғары. Өйткені неғұрлым үлкен аудиторияны қамту мақсатында олар өз туындыларын ауызекі сөйлеу тіліне жақын етуге тырысады. Сондықтан да, БАҚ-тағы концептілер барлық тіл тұтынушыларына ұғынықты әрі түсінікті болуына ыңғайланып беріледі, ал басқа жағдайда олар қосымша түсініктемелерді қажет етер еді.

Көп жағдайда, БАҚ концептіні ұсынып көрсету барысында, оның бүкіл семантикалық құрамдас бөліктерінің ішінен біреуіне ғана басты назар аудартады. Осының нәтижесінде, оқырмандар тек авторлық көзқарасты айқындайтын концепт жайында біржақты ақпарат қана алады. Әрине, БАҚ үшін мәдениет концептісі мазмұнының бар байлығы да қолжетімді болып келеді, бірақ әрбір нақты мәтінде көзделген коммуникативтік мақсатқа сәйкес, оның бір мағынасына басты мән беріліп отырады. Және концептіні сипаттауда түрлі тілдік амалдар қолданылады. Ауқымды материалға қарамастан, концепт мағынасын беруде белсенді қолданылатын тілдік құралдар мен амалдарды байқауға болады.

Зерттеуге алынған концептіміздің мәдени мазмұны мен белсенді тілдік амал-тәсілдерін талдаудан бұрын, жалпы концептілердің деңгейлік сипаты мәселесіне тоқталуды жөн көрдік. Осы орайда ғалымдар З.Д. Попова мен И.А. Стернин ажыратып көрсеткен концептінің екі деңгейін келтіруге болады: «Рефлексивті деңгей – теориялық білім деңгейі болатын болса, болмыстық деңгей – нақты, практикалық пайдалану саласын айқындайды. Бұл шектеу өте маңызды, себебі көп жағдайда концептілерге зерттеу барысында, оның теориялық үлігілерін психологиялық шынайылыққа алып келу үрдістері байқалады» [200]. Яғни рефлексивті (логикалық) әдістер арқылы концептінің көптеген белгілерін айқындауға болады және олардың барлығы теориялық тұрғыдан сол концептіге телінуі мүмкін, ал іс жүзінде (болмыстық деңгей), мәселен, концептінің бір белгісі тек нақты бір мысалда (мақал-мәтелде, тіркесте, т.б.) ғана орын алуы жиі кездесетін құбылыс.

Біздің зерттеуіміз терең тарихи дәстүрлері бар, түрлі мәдениеттер материалы негізінде жүргізіледі және әрқайсысы да өзгеше, себебі шығу тегі де бөлек, грамматикалық типологиясы да әртүрлі. Бұл ретте, айта кететін жайт, біздің талдауға алған материалымыз екі мәдениеттегі концептінің заманауи жағдайын көрсетуімен қатар, оның тарихи дамуын да айқындайды. Журналистер тікелей өз мәдениетінің өкілдері болғандықтан, үнемі прецеденттік мәтіндерге жүгінетіндері орынды құбылыс: мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, әдеби шығармалар, т.б. және әрқашан олардың мазмұнын оқырмандарының есіне салып отырады.

Ғалымдардың пікірінше, БАҚ тілі көптеген жанрлардан құралады және ерекше құбылмалы, өзгермелі, қозғалмалы сипатымен айрықша мәнге ие

(И.В. Алещанова, Б.А. Зильберт, М.Н. Кожина т.б.). А.Н. Васильеваның көзқарасы бойынша: «БАҚ мәтіндерінің тұтас жиынтығы бізге «бүкіл тілдің» тұтас күйінде беріледі... бірақ ерекше, өзгеше түрде ...стильдік құрылымдарының принципі бойынша өзге түрде... Бұл принцип стандарт пен экспрессия сәйкестігі тұрғысынан басқа болып келеді... аталған принцип тек тіл құрылысының ғана емес, сондай-ақ БАҚ-тың барлық түрлерінің тілден тыс семиотикалық жүйелері негізін құрайды... яғни фактологиялық-нақты мен жалпыламаның, логикалық пен эмоционалдылықтың, бейнелі мен абстрактілі дүниелердің үйлесімділігі мен ауысып тұруымен сипатталады» [175, с. 175-177].

Сонымен, концепт біздің зерттеуімізде мән-мағынаны сөзқолданысымен байланыстыратын, адам санасында ақиқат болмыстың тіркелуін қамтамасыз ететін концептуалдау үдерісінің бірлігі ретіндегі базалық когнитивтік маңыз деп түсініледі: «когнитивтік маңыздардың перцептивтік түбірлері болады және олардың индивидтың эмоционалды-бағалауыштық күйзелісіне тікелей қатысы бар» [201]. Концептінің маңызына байланысты дәл осындай көзқарасты біз ғалым В.А. Пищальникова еңбектерінен де байқадық: «Концептуалдық жүйенің қалыптасуы интерпретациялау принципіне сәйкес жүргізіледі және ол реттілікті, сондай-ақ ол үнемі концептуалдық жүйеге тұрақты түрде жаңа концептілер енгізіліп отыруын қажет етеді. Жаңадан кіріктірілген концепт өзі жайында бұрын келіп түскен ақпараттан құралатын мән-мағыналық кеңістікте интерпретацияланады. Сондықтан әрбір концептінің өзіне тиесілі мән-мағыналық кеңістігі болады және ол үнемі құрылымдастырылу үдерісінің жағдайында болады» [202]. Яғни концепт дегеніміз – «адамның белгілі бір ақиқат реалиясы бойынша ойы, білетіні, болжамы» [202, с. 49].

Алайда концептология тұрғысынан ең маңызды болып концептінің мәдени-этникалық компоненті саналады. Өйткені аталған компонент табиғи тіл бірліктерінің ерекше семантикасын айқындап, тіл тұтынушыларының өзіндік «ғаламының тілдік бейнесін» көрсетеді. Өз алдына, концептінің этномәдени ерекшелігі сөздерде, тұрақты сөз тіркестерінде, прецеденттік мәтіндерде тіркелетін, мінез-құлық стереотиптерінде туындайтын құндылықты пайымдауларды салғастыру арқылы айқындалады.

Сайып келгенде, лингвистикадағы барлық концепт анықтамаларының мазмұнын келесі түрде қорытындылауға болады: концепт – жоғары құндылықтарға жетелейтін ұжымдық білім мен сананың бірлігі. Ол тіл арқылы белгіленіп, этномәдени ерекшелікке ие болып келеді. Концептінің тектік белгісі – идеалды салаға қатыстылығы, ал түрлік ерекшеліктер – білім мен сана формасы, логикалық пен рационалдылық, психологиялық пен бейнелілік, тілдік бейтараптанып, олардың орнын вербалдылық пен этномәдени маркерлік толтырады. Қарастырылған концепт анықтамаларында оның қалыптасу үдерісінің түрлі қырлары сөз болады. Ғалым Г.Г. Слышкин атап көрсеткендей: «Концепт – адам жадының шегіне дейін жалғасын табатын ақиқат болмыстың тәжірибелік таным нәтижелерінің редукция және бұл нәтижелерді дін,

идеология, өнерде тіркелген бұған дейін игерілген мәдени-құндылықтық доминанттармен сәйкестендіру үдерістері» [203].

Бұл ретте, айта кететін жайт, ақиқат болмыстың кез келген құбылысы концепт жасалауына негіз бола бермейді, тек бағалау нысаны бола алған құбылыс қана концепт қалыптастыруға негіз ретінде алынады. Н.Д. Арутюнованың көзқарасы бойынша, адам нысанға баға беру үшін, оны өзі арқылы «сүзгіден өткізгендей» сіңіру қажет [204]. Дәл осы «сүзгіден өткізу» және бағалау сәті барысында мәдениет иелерінің санасында белгілі бір концептінің бастапқы жасалып, қалыптасуы орын алады: «Адамға және адамзатқа қажет дүние (физикалық және рухани тұрғыдан) бағаланады. Бұның басты принципі – «Адам әлем үшін емес, әлем адам үшін өмір сүреді... Негізінен, нақты әрі көбіне адамның практикалық мақсаттарын меңзейтін құралдар бағаланады» [204, с. 181].

Осы орайда, егер тілде белгілі бір концептіні белгілейтін сөз болатын болса, бұл адам сол зат немесе құбылысты құндылық деп танып, сондықтан тілдік құралдар арқылы белгілеуге алған дегенді білдіреді. Бастапқыда зат немесе құбылыс тілде вербалданып, кейін оның метафора, фразеологизмдерінде т.б. бірліктерінде тіркеледі. Концептінің мазмұны белгілі бір дәрежеде тіл арқылы айқындалатын болғандықтан, біз оны тілдік материалды талдау арқылы сипаттай аламыз [205].

Құндылық үнемі әлеуметтік, сол себепті де концептіні білдіретін тілдік бірліктерде де, міндетті түрде әлеуметтік компонент болуы қажет. Мәдениеттің іргелі қасиеттерінің бірі – интегративтілік болып саналады (көптеген жеке, бөлек элементтерден тұрады, бірақ үйлесімді біртұтастықты құрайды) [206]. Осыдан мынадай түйін жасаймыз: сол мәдениетте эксплицитті немесе имплицитті, ресми немесе бейресми жұмсалатын бүкіл концептілер бір-бірімен жүйелі байланыста болады.

Ең алдымен, тіл – адамдар түрлі жағдаяттарда бір-біріне коммуникативтік мақсатқа сәйкес хабарлама жеткізу (өзінің ойын, сезімін, психологиялық ахуал-жағдайын, күйзелісін, танымдық қызметінің нәтижелері жайындағы ақпарат т.б.) үшін қолданатын таңбалық жүйелердің бірі. Тіпті, кез келген тілдік емес таңбалар арқылы берілген ақпаратты тілдік таңбалар арқылы жеткізуге әбден болады, ал керісінше жасауға көп жағдайда мүмкіндік болмайды. Осы тұрғыдан келгенде, тіл – дүниетанымның және ол жайында ақпарат жинақтаудың ең басты құралы.

Осы кезге дейін когнитивтік лингвистика бойынша жарық көрген еңбектер мен зерттеулерде тілдің антропоэзектілігіне айрықша мән беріледі. Яғни тіл арқылы айқындалатын практикалық, теориялық және мәдени білімдер мен тәжірибе. Олар тіл иелерімен ұғынылған, түсінілген және тікелей немесе жанама түрде вербалданған, ақырында семантикалық және концептуалды талдау нәтижесінде «ғаламның тілдік бейнесі» жүйесін түзіп құрайды.

Шын мәнінде, Э. Роштың прототиптер мен категориялық семантика теориясы, Дж. Лакофф пен М. Джонсонның концептуалды метафора мен заттық емес дүниені құрылымдастыру теориясы, А. Вежбицкаяның тірек

мәдениет концептілердің этномәдени семантикасының теориясы, Л. Талмидің кеңістікті құрылымдастыру мен аялық білім жасалымының теориясы, Е.В. Рахилинаның заттық атаулардың тілдік лабиальділігі теориясы да т.б., сайып келгенде, бір мәселеге арналған. Ол тілде орын алатын білімдердің, сонымен бірге қабылдау, таным, ойлау субъектісімен, сондай-ақ мінез-құлық пен практикалық қызметтің өзара байланысы, сабақтастығы мәселесі; ақиқат шындықтың өзінше түсінілуі, субъект санасындағы оның өзгеше көрінісі, ұғынылуы мен құрылымдастырылуы және олардың субъективті (этникалық) түрдегі ұғымдар, бейнелер, концептілер мен үлгілер секілді тілде тіркелуі.

Осының нәтижесінде тілдегі лексикалық пен грамматикалық семантика жөнсіз, қисынсыз емес, керісінше, уәжді сипатқа ие болады; қатаң формалды емес, табиғи; адамның ойлау жүйесіне бара-бар, автоматты түрде есепке алынатын емес, түсінікті; терең әрі жүйелі өзара байланысты, келісімді әрі өзара әрекеттестікте болып келеді [207]. Адамның практикалық және теориялық қызметінде, яғни қоршаған ортаны қабылдау барысында басты рөлді визуалды (көру арқылы) қабылдау атқарады. Оның маңыздылығы соншама, табиғи тілді, табиғи интеллекті мен адам ділін «көрнекілікке бағытталған», «перцептивті уәжді» деп анықтауға болады.

Бұл ретте, әлем туралы визуалды жолмен алынған білім (жалпы перцептивті) дискурсивті тұрғыдан қол жеткізген білімнен (білім алу үдерісінде, оқу, дәріс тыңдау, тілдесім т.с.с.) өзгеше болып келеді. Когнитивтік лингвистикада бұл мәселе келесі сұрақ түрінде көрініс береді: дискурсивті және дискурсивті емес аялық білімдерді салғастыру; олардың берілу амалдары – презумпциялар, импликациялар, коннотациялар, т.б. [208]. Тілдегі «көрнекілік принципі» заттық емес маңыздардың – оқиғалық, психологиялық, менталды мен әлеуметтік т.б. «заттануы» дегенді білдіреді және олардың концептуалдану ерекшелігі, яғни заттық әлемді сипаттау тәсілін қолдану. Тілдің аталған семантикалық тетігі көмегімен қосымша, ауыспалы, метафоралық пен метанимиялық мағыналар дамиды, тұрақты идиоматикалық және фразеологиялық бірліктер мен орамдар қалыптастырылады, лексикалық және грамматикалық тіркесімділікке шектеу қойылады, барлық кеңістіктік емес қарым-қатынастар кеңістіктік шылаулар арқылы беріледі т.б.

Яғни тіл – адамның практикалық тәжірибесінің көрінісі, тіл оны тұтынушы адамдардың әлем туралы ұлттық ерекше түсінік, пайымдауларын айқындайды және нәтижесінде олардың мәдени өзгешелігін ғаламның тілдік бейнесі түрінде тіркейді. Адам белгілі бір құбылысты танып-білуде, сәйкестендіруде, атау беруде, сипаттауда оны жіктеп, бағалап, қалыптастырып, оған деген қатынасын белгілейді.

Сонымен, нақты өз тақырыбымызға келер болсақ, бұқаралық санада заманауи «іскер әйел» бейнесінің қалыптасу ерекшелігі, сондай-ақ оның жасалуы мен кеңінен таралуы БАҚ-тың белсенді қатысуы арқылы жүзеге асатыны жайлы жоғарыда айтқан болатынбыз. Осымен байланысты біз жұмысымызда медиадискурс категориясын бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтіндердің интегративтік жиынтығы деп түсінеміз. Яғни, медиадискурс «бара-

бар әсер етуге нақты бағытталған, ақпарат беру-жеткізу үдерісімен сипатталатын прагматикалық коммуникация» ретінде қарастырылады [209].

Медиадискурстағы заманауи «іскер әйел» бейнесі белгілі бір тілдік құралдар арқылы қалыптастырылып, олардың басты белгілері мен қасиеттерін көрсетеді: кәсіби, ішкі психологиялық қасиеттері, моральдік ұстанымдары, интеллектуалды қабілеттері, сыртқы келбеті, киімі, жасы, т.б. Әрине, медиамәтіндерде міндетті түрде жағымды немесе жағымсыз бағалауыштық белгі орын алатыны заңды құбылыс. Осыған қатысты, біз зерттеуші Е.М. Вольфтің мына пікірімен толық келісеміз: «Сөйлеуші объективті дүниені, оның құндылықтық сипатына орай бөлшектеп көрсетеді, мысалы: жақсы/жаман, пайда/зиян т.с.с. және мұның бәрі тілдік құрылымдарда өте күрделі айқындалатын, әлеуметпен тығыз байланысты екінші бөлшектену болып табылады» [210]. Ал ғалым Е.С. Пронина: «Манипуляция мен әсер етудің мәні – адресант имплицитті немесе эксплицитті түрде өзінің құндылықтар жүйесіне басымдылық бере отырып, адресатқа бағалауға белгілі бір жағдаятты ұсынады» [211].

Жұмыста 230 медиамәтін қарастырылды. (француз тілінде 116, қазақ тілінде 114). «Іскер әйел» концептісін айқындау мақсатында тілдік бірліктерді (сын есімдер, зат есімдер, етістіктер) сұрыптауға қазақ тілді медиамәтіндер *Text.ru* сайтында, француз тілді баспасөз мақалалары *TROPES* бағдарламасы көмегімен талданды.

Тілдік құрал-тәсілдердің ішінен қажеттісінің іріктеліп тандалуы, олардың мақсатты түрдегі бұқаралық аудиторияға әсер ету тиімділігінің әлеуметтік-бағалауыштық қасиеті мен мүмкіндігіне тікелей байланысты. Мәселен, қазақ және француз медиамәтіндерінде «іскер әйел» бейнесін жасауда типтік қолданылатын тілдік амал-тәсілдер қатарына, негізінен, бағалау категориясын білдіретін эмоционалды-экспрессивті лексика жатқызылады. Қазақ және орыс тілдеріндегі іскер әйелдер жайындағы медиамәтіндер эмоционалдылықтың жоғары деңгейімен сипатталады. Бұл, біздің ойымызша, бизнес саласындағы әйел бейнесі феминизациясының куәсі іспетті. Түрлі эмоциялар мен сезімдерді білдіретін лексика қолданысы байқалады. Ең алдымен, бұл эмоция немесе эмоционалды күйді белгілейтін зат есімдер; эмоция мен эмоционалды күйді белгілейтін сын есімдер; эмоция көрінісін айқындайтын етістіктер; эмоцияны сипаттайтын үстеулер, т.б.

Зерттеу барысында біз мынадай қорытындыға келдік: сын есім мен үстеу секілді немесе сындық деп аталатын сөз таптарының бағалауыштық мүмкіндіктері басқа сөз таптарына қарағанда жоғары. Бірінші кезекте, оларға сапалық сын есімдер жатқызылады. Себебі, олардың семантикасында іскер әйелдердің кәсіби, моральді-психологиялық қасиеттері мен интеллектуалды қабілеттері айқындалады: қазақ тілінде – жігерлі, дарынды, талантты, жүректі, ержүректі, табанды, жеңісті, табысты, т.б.; француз тілінде – la jeune, courageuse, décisive, ambitieuse, à succès, active, talentueuse т.б. Мысалы: «Білікті басшы, іскер ұйымдастырушы Динара Байбосынова. Бүгінгі Динара, міне,

алдымызда отыр. Біраз жетістігі бар. Өмірден білген-түйгені бар... Осыдан 20 жыл бұрынғы балғын Динараны еске алайықшы» [212].

«Айжан, жақында Елордада үлкен бір тұрғын үйдің іргетасын қалауды бастағалы жатыр екенсің, іскер де жігерлі жас қыздың басқа бизнесті емес, ер-азаматтардың өзі жүрегі дауалап бара бермейтін құрылыс саласында үлкен істі қолға алуыңа не себеп болды екен?» [213].

«— Қазақстанның Іскер әйелдер қауымдастығы – Республикалық қоғамдық үкіметтік емес, қоғамның барлық саласында жұмыс істейтін іскер әйелдерді біріктіретін ұйым. Бұл ұйымның миссиясы – «Көрнекті және маңызды болу, яғни кәсіпқой және көшбасшы болу». Демек, әйел адамдардың өмірде белсенділік танытып, өз армандары мен мақсаттарына жетуге септесуді көздейді. Біздің ұйымдағы әр әйел талантты, білімді, белсенді, ең бастысы, өмірде өз орнын тапқан жандар» [214].

«En moins de quatre ans, la chaîne YouTube de la jeune femme a explosé. Idem pour son compte Instagram. Une ascension vertigineuse car sa parole - aussi pétillante qu'engagée - raisonne. «Ce qui me drive, c'est de montrer les injonctions qui pèsent encore sur les femmes, et les aider à s'en libérer. Je parle aussi bien des inégalités économiques, que de précarité menstruelle ou de violences faites aux femmes» («Төрт жылдан аз уақыт ішінде оның YouTube арнасы жарылды. Бұл оның Instagram аккаунтына да қатысты. Бас айналдыратын жетістік, өйткені оның сөздерінен ұшқынды, сондай-ақ, адалдықты сезініп, оны естуге негіз бар. «Мен әйелдерге көрсетілетін тыйымдарды көрсеткім келеді. Мені олардың сондай кедергілерден арылуына көмектесу мақсаты жетектейді. Мен экономикалық теңсіздік, етеккірдің қауіпсіздігі және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық туралы айтып отырмын») [215].

Медиамәтіндерде іскер әйел-басшы бейнесін қалыптастыру үшін аса маңызды болып саналатын сыртқы келбеті, киімі мен аксессуарлары, т.б. жайында ақпарат беріледі. Іскер әйелдердің сыртқы келбетін сипаттауда «сұлулық» пен «киім» лексика-семантикалық топтардың лексикасы белсенді қолданысқа ие: қазақ тілінде – әдемі, жас әрі табысты, күтімі жақсы, талғампаз, сүйкімді, керемет, іскери стиль, нәзік жанды, жарқын т.б.; француз тілінде – charme, bien soigné, élégant, spectaculaire, la féminité, oeil vif, beauté («сүйкімділік, күтімі бар, талғампаз, әсерлі, әйелге тән нәзіктік, өткір көз, сұлулық») т.б. Мысалы: «Бүгінде қоғамда, жеке бизнесте тасы өрге домалап, ерлермен бірдей табысты еңбек етіп жүрген аруларымыз да баршылық. Ісі мен сырт келбеті үйлесім тапқан аруларға қарап, кейінгі бойжеткендердің бой түзейтіні анық» [137].

«Je trouve qu'en France, on ne regarde pas assez les belles histoires, les ascensions fulgurantes de ces gens qui, justement, se donnent les moyens d'atteindre leurs rêves. Il faut glorifier ces réussites. Féliciter cette femme qui a réussi, parce qu'en réussissant elle va peut-être faire entraîner 10 autres femmes dans son sillage» («Менің ойымша, Францияда біз әдемі әңгімелерге, осы адамдардың метеорит сияқты жылдам көтерілуіне, олар өз армандарына жету үшін қаражат жұмсайтынына жеткіліксіз қараймыз. Біз бұл жетістіктерді дәріптеуіміз керек.

Жетістікке жеткен әйелді құттықтаңыз, өйткені сәттілікке жету үшін ол тағы 10 әйелді соңынан ертуі мүмкін») [216].

Медиамәтіндерде әйелдердің сырт келбеті бизнесте табысты болуға, мансап жолында үлкен жетістіктерге қол жеткізуге септігін тигезетіні көп айтылады: «Алматы облысы кәсіпкерлер палатасы жанындағы Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Мәмилә Мұсабекова қазіргі таңда адам үшін *имидждің* маңызды екенін айтады. «Қандай кездесу, не жиын өтпесін, қайда барсаңыз да сіздің *бет-әлпетіңізге* қарайды. Алғашқы әсер көпке дейін сақталады. Осы себепті *сыртқы келбетке* назар аудармау үлкен қателік. Сәнгерлер беретін кеңестер мен ұсыныстар әрқашан маңызды, оларды жеке ерекшеліктеріңізді еске отырып пайдалану керек», – деді Мәмила Мұсабекова»; «Киіміне қарап қарсы алып, ақылына қарай шығарып салады» дегендей, бұл шеберлік сабағы барлығымыз үшін өте пайдалы, керек дүние. Сонымен бірге, Елбасы жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы азаматтық қоғамның өмір сүру стандарттары мен сапасын, рухани мәдениетін жоғарылату жөніндегі міндеттермен үндес», – деп атап өтті Алматы облысы Іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Римма Салықова» [217].

Сонымен, іскер әйелдердің тартымды сырт келбеті медиамәтіндерде жағымды бағалауыштық белгісін айқындайды. Іскер әйелдердің сырт келбетінің сипатында оң баға бейтарап та, жағымды коннотациясы бар эмоционалды лексика арқылы да айқындалады.

Сонымен бірге, бизнес саласындағы әйелдердің жеке және кәсіби қасиеттері жиі зат есімдер қолданысымен сипатталады: икемділік, сақтық, даналық, табандылық, жауапкершілік, даралық, т.б.; *détermination, sagesse, une responsabilité, la flexibilité, adéquation, ambition* («айқындық, даналық, жауапкершілік, икемділік, жеткіліктілік, өршілдік») т.б. Мысалы: «Адамның киген киімі, жүрген жүрісі, сөйлеген сөзі, жұмысын жауапкершілікпен орындауы, уәдеге берік болуы, мәдениетті болуы – осының барлығы адамның өзгеге емес, ең алдымен өзімізге деген сыйластығымызды көрсетеді. Сондықтан қоғамға сыйлы, елге абыройлы болу үшін адам әуелі өзін сыйлап, адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуы керек. Адам бірінші өзін құрметтеп, сыйлаудан бастау керек» [214].

«Dans Je veux tout, vous parlez ouvertement de l'ambition. *Ambition* qui, comme l'argent, est considérée comme un vilain mot en France... Surtout quand on est une femme. L'ambition, je l'associe à une *notion de performance*, comme un athlète de haut niveau qui, pour atteindre ses objectifs, doit s'entraîner, faire des compétitions, des championnats... Personne ne va aller dire que les valeurs du sport sont malsaines. L'ambition, c'est juste vouloir le meilleur, se donner les moyens d'atteindre ses rêves» («Je veux tout» кітабында сіз амбиция туралы ашық айтасыз. Амбиция, ақша сияқты, Францияда жағымсыз сөз болып саналады... Әсіресе, егер сіз әйел болсаңыз [216]. Менің амбицияларым өз мақсаттарына жету үшін жаттығу, жарыс, чемпионаттарды жеңіп алуы керек жоғары деңгейдегі спортшы сияқты тиімділік ұғымымен байланысты... Ешкім спорт

құндылықтары дұрыс деп айтпайды. Амбиция - бұл жақсы жаққа, өз арманыңызға жету үшін ұмтылу») [217].

Іскер әйелдер бейнесін сипаттауда үстеулер мен етістіктер қолданысының ерекшелігін атап өткен жөн: сыртқы және ішкі ахуал-жағдай, кәсіби қызмет қарқындылығы, өзіне-өзі сенімділік деңгейі; «жасау», «жеңіске жету», «табысқа кенелу», «үлес қосу» т.б. Мысалы: «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Лаззат Рамазанова форумда сөйлеген сөзінде Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің 40%-ын іскер әйелдер қалыптастыратынын, олардың отандық бизнес дамуына қосатын үлесі үнемі өсіп отырғанын айтты» [218].

«Түркістан облысы Іскер әйелдер қауымдастығының 6 айда атқарған жұмыстары айтарлықтай. Алдымен менторинг жобасы бойынша 28 әйел оқыту курстарынан өтті. Тимур Бекмамбетовтың «Асыл бала» қоғамдық қорымен бірлесіп ұйымдастырған акциясын қолдау мақсатында облыстық Іскер әйелдер қауымдастығы әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан 50 мектеп оқушысына бір күндік демалыс ұйымдастырды» [219].

«Patricia Tranvouëz, directrice générale d'Etam : «La pandémie nous oblige à apprendre plus vite, à penser autrement. Cela teste la force de l'équipe et sa cohésion » Léa Crespi. La directrice générale d'Etam a fait du girl power son objectif de vie. Chaque jour, elle encourage des femmes à prendre des initiatives et à se dépasser. Sans renier féminité et écoresponsabilité»; «Girl power ! Aider à ce que les femmes prennent confiance et puissent imaginer le meilleur pour elles-mêmes. Mon parcours est ponctué de marques qui ne parlent que de ça : chez Unilever (Dove capillaire), puis L'Oréal (Sephora, Kenzo Parfums), et maintenant chez Etam. Je pousse aussi les femmes de mon entourage à être en accord avec elles-mêmes, à prendre des initiatives, à se dépasser» («Патрисия Транвез Etam компаниясының бас директоры: «Пандемия бізді тезірек үйренуге, басқаша ойлауға мәжбүр етеді. Бұл команданың күші мен бірлігін тексереді». Лео Креспи Etam компаниясының бас директоры «Girl Power» - ті өмірінің мақсатына айналдырды. Күн сайын ол әйелдерді бастамашыл болуға және өздерінен асып түсуге шақырады. Әйелдік пен экологиялық жауапкершілікті жоққа шығармаңыз»; «girl power! Мен әйелдерге өзіне сенімді болуға және өздері үшін ең жақсысын таңдауға көмектесемін. Менің мансабым дәл осы брендтермен байланысты болды: Unilever-де (Dove capillaire), содан кейін L'Oréal-да (Sephora, Kenzo Parfums), ал қазір Etam-да. Сондай-ақ, мен айналамдағы әйелдерді өздерімен үйлесімді болуға, бастама көтеруге, өзінен асып түсуге шақырамын») [219].

Медиамәтіндердегі іскер әйелдерді бейнелеуде қолданылатын көркем құралдардың ішінен тұрақты тіркестер, клише, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер секілді т.б. тілдік бейнелеу тәсілдер ерекше назар аудартады: «Іскер әйел – жаман еркекті орта, орташа еркекті – жақсы, ал жақсы еркекті – жынды қылып жібереді» (Қадыр Мырза Әли) [220].

«Заманауи технологиямен дайындалған тәттілер мен қолөнер бұйымдары, әшекейлер мен ұлттық нақыштағы киім-кешектер алдыңғы қатарға орналасқан.

Барлығы дерлік он саусағынан бал тамған шебер әрі еңбекқор әйелдердің жұмысы. Олардың бірқатары бизнестің негіздерін өзгелерге үйретіп, шеберлік сағаттарын ұйымдастырып жүр» [221].

«Mon livre est né de ce désir de faire partie d'une nouvelle génération de femmes leaders, inspirantes, qui parlent librement et ouvertement des challenges que comporte la vie féminine dans son intégralité»; «Il faut arrêter de faire croire aux gens qu'il n'y a qu'un seul modèle de réussite. Mon livre porte avant tout sur la conquête de nous-mêmes. Le seul « *role model*» (*personnalité modèle, inspirante*), valable, c'est le nôtre»; « En se lançant des petits défis, aussi modestes soient-ils, et en se récompensant quand on arrive à les relever. En rentrant dans une mécanique dans laquelle l'effort apporte une satisfaction. On appelle cela un «*ego booster*»: plus on réussit, plus on se félicite, plus on avance sur notre chemin, plus on gagne en confiance. Et cette confiance, les femmes en ont vraiment besoin» («Менің кітабым – әйелдердің толыққанды болуының қиындықтары туралы еркін және ашық сөйлейтін, шабыттандыратын көшбасшы әйелдердің жаңа ұрпағының бөлігі болғым келген тілектің жемісі»; «біз адамдарды сәттіліктің бір ғана үлгісі бар деп сендіруді тоқтатуымыз керек. Менің кітабым өз-өзінді жеңуге арналған. Жалғыз да дұрыс үлгі – бұл өзіміз»; «Өзімізге алдымызға кішкене міндеттерді қойып, тіпті қарапайым болса да, оларды шеше алған кезде біз өзімізді марапаттаймыз. Күш-жігер, қанағат әкелетін механизмге енеміз. Біз оны «эго көтеру» деп атаймыз: біз қаншалықты көп жетістікке жетсек, өзімізді соншалықты құттықтаймыз, неғұрлым көп алға бассaq, соғұрлым өзімізге деген сенімділік пайда болады. Әйелдер бұл сенімділікке өте мұқтаж») [216].

Бейнелі құралдар стереотиптер қалыптастыру үдерісінде маңызды рөл атқарып, дүниетаным біліміне үлкен ықпал етеді, яғни олар иландыру, сендіру және әсер ету болып табылады. Сондай-ақ, «іскер әйел» бейнесін қалыптастыратын басты құралдардың бірі – тілдік ойын. Өйткені тілдік ойынның әсер етуші және бағалаушытық әлеуеті өте зор, сондықтан да ол іскер әйелге деген белгілі бір жиі қарым-қатынасты қалыптастырады. Әсіресе, бұл амал медиамәтін тақырыпшаларында қолданылады. Себебі, ең алдымен оқырман көңілін өзіне аудартатын тақырып болып табылады: «Nathalie Rozborski: «La femme puissante n'est pas celle qui a le pouvoir, mais celle qui est en pleine possession de ses moyens» («Натали Розборски: «Күшті әйел - бұл билікке ие емес, бірақ өз құралын толық иеленетін адам») ([216].

«Juliette Lévy, fondatrice d'Oh My Cream!: «Bien traiter les gens, c'est cultiver un bon karma» («Джульетт Леви – Oh My Cream негізін қалаушы!»: Адамдарға жақсы қарау жақсы карма молайтуды білдіреді») [222].

«Hélène Poulit-Duquesne, PDG de Boucheron: «La gentillesse n'a rien à voir avec la faiblesse» («Элен Пулит-Дюкэсн, Бучеронның PDG бас директоры: «Мейірімділіктің әлсіздікпен ешқандай байланысы жоқ») [223].

Медиамәтіндерде «іскер әйел» бейнесін қалыптастыруда прецеденттік мәтіндер аллюзиясының орны өзгеше болып келеді: «Ит жетектеген әйел немесе Абылайдың атын қор қылған үміткер» деген «Жас Алаш» газетінде қыркүйектің 7-де жарық көрген мақала бүкіл Қазақстан әйелдерінің іскерлік

беделі мен ар-намысына тиеді», – деді Қазақстан Іскер әйелдер қауымдастығының президенті Раушан Сәрсенбаева» [224].

«Тарих атасы Геродот айтқандай, «Әйелдің қолынан келмейтін ешнәрсе жоқ!» Оған көне дәуір деректері дәлел бола алады. Алысқа бармай-ақ, өзіміздің өткен өмірімізге көз жүгіртсек, кешегі Тұмар патшайым, Нарғыз, Гауһарай, Зере мен Айғаным секілді данагөй аналар және Әлия мен Мәншүк сынды батыр арулар галереясы ақыл-парасаттылықтың нышаны, сұлулықтың символы болып санамызда сақталған. Олардың жалғасы осы күні ортамызда. Апа-жеңгелеріміз – тарихи тұлғалар тәрізді жерін жаудан қорғап, еліне бас-көз болмағанмен, отбасы тірлігі мен қызметін қатар алып жүрген отанасы, отағасының тірегі. Жеке бас өмірі мен жұмыс бабын ұтымды ұштастыра білген жан-жақты тұлғалар екені рас» [225].

«*Madame Figaro*. On nous a souvent rabâché les mots de conciliation ou de sacrifice. Votre livre, audacieusement intitulé *Je veux tout*, est un guide vers l'épanouissement complet des femmes, le bonheur féminin total. C'est assez nouveau, non?»; «Une femme libre est exactement le contraire d'une femme légère». Ces mots de Simone de Beauvoir sont les premiers de votre livre. Une citation «quasi prophétique» pour vous. En quoi?»; «*Une pensée qui vous anime?* Mes équipes reconnaîtront cette phrase de Léonard de Vinci : «Toute contrainte m'est grâce.» J'aime les challenges» («*Madame Figaro*». Біз «татуласу» немесе «құрбандық» деген сөздерді жиі естиміз. Сіздің батыл *je veux tout* атты кітабыңыз – бұл әйелдің өзін-өзі тануы, толық әйел бақыты туралы нұсқаулық. Бұл мүлдем жаңа емес пе?»; «Еркін әйел – жеңіл әйелге мүлдем қарама-қайшы». Симона де Бовуардың бұл сөздері сіздің кітабыңызда бірінші болып табылады. Сіз үшін қасиеті қағида. Бұл қандай мағынада айтылған?»; "Сізді жетелейтін ой ма? Менің командаларым Леонардо Да Винчидің «Кез келген шектеу – бұл мейірімділік» деген сөзін біледі. Мен қиындықтарды жақсы көремін») т.б. [216].

Әрине, мұндай мысалдар автор мен оқырман аялық білімдерінің сәйкес келуін талап етеді. Бұл меңзеліп отырған мән-мағынаның бара-бар кодтан алынуына септігін тигізеді.

Сонымен, «іскер әйел» бейнесінің өзегін құрайтын тілдік құралдар және олардың репрезентациялаушы релевантты компоненттері сан алуан түрлі болып келеді. Медиамәтіндердегі «іскер әйел» бейнесінің құрамдас бөліктерінің өзектендірілуі көп жағдайда лексика-стилистикалық құраладар арқылы жүзеге асырылады. Аталған концептінің қалыптасуы мына бинарлық тіресім негізінде орын алады: әйел//ер. Өйткені бұқаралық санада басшы ретінде ер-азамат бейнесі қалыптасып, әбден сіңісіп кеткен. Әлі күнге дейін бизнес саласы ерлердің құзыретіндегі, меншігіндегі іс, қызмет болып саналады. Үлкен бизнестегі әйел-басшы заңдылықтан гөрі кездейсоқтық деп есептеледі. Медиамәтіндердегі «іскер әйел» бейнесінің жасалуы іскери қарым-қатынас саласындағы әйелдер стереотиптерінің қалыптасуы мен тіркелуі үдерісімен қатар жүреді. Бұл үдеріс бұқаралық санада тіркелетін «іскер әйел» жайындағы белгілі бір стандартты көзқарастар мен түсініктерге негізделеді.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Зерттеу жұмысымызға тікелей қатысы бар қазақ және француз медиамәтіндеріндегі «іскер әйел» мен «табысты әйел» бейнелерінің басты айырмашылықтары айқындалды: «іскер әйел» концептісіне қатысты іскерлік семантикасымен тығыз байланысты белгілер: «қолынан іс келетін адам», «ұйымдастыру қабілеті жоғары», «іскерлік», «жоғары білімді», «өз жұмысын жақсы көретін», «отбасының тірегі», «жұмыс пен үй шаруасын қатар алып жүретін», т.б.// «табысты әйел» – «қоғамда танымал, белгілі», «ауқатты, бай», «мансап жолында үлкен табыстарға ие болған», «үнемі әдемі және сәнді киінген», «жақсы үй, пәтерде тұратын» т.б.; екіншіден, «іскер әйел» туралы сөз болғанда, оның қалай жетістікке жеткені туралы айтылады (өмірдегі сәтсіздіктері, қиындықтары, т.б.) // табысты әйелдің қалай табысқа кенеле бастағаны жайында айтылмайды. Оның табысты болуы тек нәтиже ретінде келтіріліп, ал оған жету үшін жұмсалған рухани, физикалық, материалдық шығындар туралы сөз болмайды; үшіншіден, «іскер әйел» концептісінің медиамәтіндегі репрезентациясы ұғымның мән-мағынасымен толық сәйкес келеді – «ең алдымен, тұрақты табысы бар, әртүрлі қоғамдармен байланысы бар, табысты, белсенді, өзіне сенімді, өз лауазымына лайықты тұлға» // табысты әйел бейнесі «белгілі бір қызметтегі оң нәтиже» мағынасына негізделіп, бірақ табысты болу жолында сәтсіздіктерді, қиындықтарды бастан кешіру міндетті емес. Яғни табыс/табысты ұғымының еңбектену, жұмыс жасау, әрекет ету, рухани шиеленіс, т.б. мағыналық компоненттері түсіріліп қолданылады.

Қазақтың тілдік санасында «іскер әйел» концептісінің базалық репрезентанттарының жалпылама сипаты «бизнесвумен, бизнес-леди, кәсіпкер, бизнеспен айналысатын әйел» ретінде тіркеліп, ол, ең алдымен, аяулы ана, асыл жар, отбасы мен бизнесті қатар алып жүретін тұлға болып саналады.

Зерттеуде әрбір ұлт тіліндегі дискурстың негізгі концептілерін талдауда ең маңызды опереционалды бірлік пайымдау-стереотиптері екені анықталды. Олар тілде, дискурстың түрлі типтерінде вербалданатыны дәлелденді. Когнитивтік стереотиптің лексикалық және лексика-синтаксистік маркері айқындалды: пропозиционалды құрылымдармен сәйкес келетін қолданыс жиілігі жоғары жартылай клишеленген айтылымдар және мәтіннің түрлі сегменттері: сөз тіркесі, стереотиптің мазмұнды құрылымын вербалдайтын бірнеше байланысты, т.б.

Сонымен, «іскер әйел» ұғымы әлеуметтік мәдениет тұрғысынан мәдениеттің белсенді субъектісі ретінде танылып, өзіндік ерекше табиғатында ерлерге де, әйелдерге де тән құндылықтарды біріктіріп көрсете алатын тұлға деп тұжырымдаймыз. Медиамәтіндердегі «іскер әйел» – өзінің жеке бизнесі бар (екі мәдениетке де ортақ), өзі қалыптастырған (негізінен қазақ лингвомәдениетіне тән белгі) немесе отбасылық істің мұрагері (негізінен француз лингвомәдениетіне тән белгі) болып табылады.

3 «ІСКЕР ӘЙЕЛ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

3.1 Дискурс, медиадискурстың әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан зерттелуі

Қазіргі лингвистиканың басты ерекшелігі, бірқатар ғалымдардың (Е.С.Кубрякова, В.Н. Телия, Ю.С. Степанов, В.И. Постовалова, Н.Ф. Алефиренко т.б.) пікірінше, көп парадигмалық болып табылады, яғни көптеген ғылыми парадигмалардың бір уақыттық кезеңде қатар орын алуы. Ал көп парадигмалық жағдайында, міндетті түрде ішкі және интерпарадигмалық қатынастар мәселесі өзекті, сондай-ақ парадигмалар иерархиясы сұрағы ерекше маңызға ие болатыны анық. Бұл мәселе «үлкен» және «кіші» ғылыми парадигмаларды ажырату мүмкіндігімен тығыз байланысты (Е.С. Кубрякова, Н.Ф. Алефиренко т.б.).

Қазіргі тіл білімінде макро- немесе суперпарадигма мәртебесі антропоөзектік парадигмаға тиесілі екені белгілі. Интегралды сипатты микропарадигмаларға: психолингвистика, когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттаным, прагмалингвистика, коммуникативтік лингвистика, т.б. жатқызылады. Олар өз алдына, өз бетінше дамып оқшауланбайды, керісінше өзара әрекеттестікке, сабақтастықта болады: «полипарадигматизм жағдайында гуманитарлық білімнің өрбуі нысанның бірнеше түрлі бағытта, білімнің түрлі парадигмаларында талдауға алынуымен жүзеге асады» [226]. Аталған интегративті (парадигмалы) амал-әдіс, біздің ойымызша, «іскер әйел» концепті феноменін зерттеуде де өзекті әрі болашағы бар бағыт деп есептейміз.

Қазіргі заманауи қоғам өмірі сан алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Осыған орай, оған қызмет ететін тіл де үнемі жедел өзгерістер мен шиеленіс жағдайында болып келеді. Мәселен, үлкен жастағы адамдар әлі күнге дейін Кеңес Одағы кезеңіндегі саясиландырылған тілге бейім келетін болса, ал жастар үшін кірмелер мен жаргон сөздер қолданысы тән. Аталған барлық ағымдар қоғамның сөйлеу практикасында орын алып, құрылымдық және семантикалық тұрғыдан өзгешеленіп, жұмсалымдық бағытта қайта бағдарланады т.б. Осы орайда, келтірілген көптеген түрлі-түрлі көріністер мен жаңашылдық өзгерістер тілші мамандардың сөйлеу фактілерін, олардың мән-мазмұнын анықтауда жауапкершілігін арттырады. Нақты уақыт жағдайында тілді сипаттауға бағытталған ғылымдар қатарына әлеуметтік лингвистика да жатады.

«Дәл қазір және нақты осында» координаттарында әрекет ететін әлеуметтік лингвистиканың зерттеу пәні – ойлау, қабылдау және жинақталып жатқан жаңа құбылыстар мен деректерді бағалануымен сәйкестендірілетін біздің замандастарымыз ғаламның тілдік бейнесі болып табылады. Мұндай ауқымды міндетті тек көптеген ғылыми бағыттар интеграциясы жағдайында, сонымен бірге нормативтік тұрғыдан тұрақсыз, сондай-ақ жиі субъективті

интерпретацияланатын материалды жинақтау мен өңдеу әдістерінің сан алуан түрін қолдану арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Әлеуметтік лингвистиканың психология, психолінгвистика, когнитивтік ғылымдар, мәдениеттаным, этнолінгвистикамен т.б. байланысы заңды әрі нәтижелі, өнімді. Әлеуметтік лингвистика ешбір шектеусіз бүкіл тілден тыс деректерді назарында ұстап, зерттеуге алады. Әлеуметтік лингвистика аспектіде жүргізілген бақылау мен қорытындыларды жалпы ғылыми лингвистикалық әдіснама негізіне айналған коммуникативтік-жұмсалымдық парадигмаға қосылатын қомақты үлес деп бағамдауға әбден болады. Аталған ғылыми саланың басты мақсаты – ғылыми және мәдени мәнмәтінге шынайы адамзат коммуникациясының үлгілері мен ұйымдастырылу принциптерін сипаттап қосу болып саналады.

Сонымен қатар, әлеуметтік лингвистика теориялық та, практикалық та тұрғыдан төмендегідей мәселелерді тиімді зерттеуге мүмкіндігі мол: ғаламның тілдік бейнесі, тілдік құзыреттілік, тілдік мүмкіндік, тілдік тұлға, дискурс т.б. Бұл феномендер жайлы түрлі ақпаратқа әлеуметтік лингвистика қоғамның дискурсивтік қызметіне, яғни әлеуметтік белгіленген жеке тұлғалар мен референтті топтарға бақылау жүргізу арқылы кол жеткізеді. Осы орайда, белгілі француз ақыны, философы П. Валеридің мына сөздерін келтіруге болады: «Уақыт дегеніміз – конструкция», ал осы ой дискурс конструкциясы – бұл біздің бүлікшіл, өзгермелі уақытымыз деп топшылауға мүмкіндік береді. Қоғамның дискурсивтік тәжірибесін талдау лингвистиканың тілдің ақиқат, шынайы сипатына, оның лингвистикадан тыс көрсеткіштерімен байланысына бет бұруына септігін тигізеді.

Қазіргі социолінгвистер дискурсты тілдік құзыреттілік пен сөйлеу қызметінің ерекшелігін сипаттайтын тірі организм ретінде қабылдап талдайды. Бұл тілде көрініс табатын әлеуметтік шынайылықты құрылымдайды. Жоғарыда атап өткеніміздей, дискурста ғалам туралы білімнің вербалдануы мен таным үдерісі айқындалады және сана мен тіл арасындағы байланыс көрініс табады. Әлеуметтік лингвистика дискурсты талдау көмегімен когнитивтік ғылымдарға жол ашады. Дискурс тілдік материалының ақпараттылығы аса жоғары болып келеді.

Спандандық сөздердің әлеуметтік лингвистикалық талдануы қоғамның басымдылықтары мен лингвоменталдық бағыттары туралы білімдерінің ерекше әлеуметін қалыптастырады. Қазіргі ғылымда дискурс белгілері мен мән-мағынасын түсіндіруде бірыңғай қабылданған пікірдің жоғы баршамызға белгілі. Әдетте, ұғымның бастапқы игерілуінде, ең алдымен, оның дефинитивтілігі тексеріске алынады. Қазіргі кезде дискурстың мынадай түрлері жан-жақты зерттелуде: көркем, публицистикалық, диалогтық, сыни, жарнамалық, фантастикалық, новеллалық, ертегі, өнертанымдық, автобиографиялық, виртуалды, сакралды, діни, аллегориялық, т.б. Бұл типологиялық көптүрлілік, біздің ойымызша, аталған ұғымның эвристикалық сипатының дәлелі. Оның үстіне «мәтін» термині қолданысынан бас тартып,

жаппай «дискурс» терминін пайдалану зерттеу нысанына дүние туралы ойдың вербалданған тәжірибесін алу қажеттілігімен түсініледі.

Дискурс-талдау білімді концептуалдау тәсілін және коммуникативтік құрылымды, «адресант факторы» мен «адресат факторы» арқылы прагматиканы сипаттауға бағытталған. Дискурста көрініс табатын тіл, сана және ақиқат болмыс сәйкестігін анықтауда басымдылық дәл осы әлеуметтік лингвистикаға беріледі. Дискурстың әлеуметтік лингвистиканың ғылыми аппаратына енуі, тілді әлеуметтік тұрғыдан зерттеудің шекарасы мен шеңберін, жалпы аталған ғылым қарастыратын мәселелер ауқымын едәуір кеңейтіп, әлеуметтік маңызды деректер тізімін көбейтті. Белгілі бір лексикалық бірліктер топтардың, морфологиялық және сөзжасамдық нұсқалардың жұмсалуды мен әлеуметтік таралуы туралы ақпарат [227]:

– біріншіден, тілдік таңбалардың референттерге тіркелгендігін талдауға дейін кеңейді;

– екіншіден, түрлі деңгей бірліктерінің әлеуметтік ажыратылымы жай ғана коммуникативтік-прагматикалық сипаттағы талдаумен шектеліп қойған жоқ, бүкіл сан алуан түрлі коммуникативтік сала мен жанрлардың жұмсалымдық сипаты мен құрылымын қарастырумен ерекшелене бастады.

Әлеуметтік лингвистиканың антропоэзектік әдіснамаға тікелей қатысы бар, себебі «әрбір ақиқат шындық үзіндісінің антроптық кескінін мойындамау мүмкін емес және оны саналы мақсатты түрде қолдану қажет» [228].

Осымен байланысты, тілдің антропоэзектік бағыты тілдің нақты иесі, тұтынушысы тілдік тұлға категориясымен де тығыз байланысты. Тілдік тұлғаның лингвоменталды құрамдас бөліктері тарихи тұрғыдан қалыптастырылып келген. Ал тілдік тұлғаның әлеуметтендірілген қасиеттері сол бір орта мен субмәдениетте басты болып саналатын әлеуметтік нормаларға тәуелді болмауы мүмкін емес. «Орташа тілдік тұлға» ұғымын (Ю.Н. Караулов) «мықты, күшті тілдік тұлға» ұғымына қарама-қарсы қоюға болады, өйткені бұл мәселенің әрлемесі әлеуметтік лингвистика үшін де, лингвомәдениеттаным үшін де аса маңызды. Осы орайды, мықты, күшті тілдік тұлғаны тәрбиелеу – маңызды педагогикалық міндет болып саналады. Жеке тұлғаның құрылымын тіл арқылы қайта қалпына келтіру – қоғамдағы әлеуметтік қайта құрулардың аса маңызды бағыттарының бірі.

Қазіргі таңда мәдениеттаным және әлеуметтік лингвистика критерийлеріне негізделген мықты тілдік тұлға белгілерінің кешені келешек бағдарламасы идеал секілді қабылданады. Атап көрсететін болсақ:

– ой энергиясы, сөз энергиясы арқылы берілуі;
– 1-жақта айтылым құрылымдай алу, өзінің айтқан сөзі үшін жауапты болу дағдысы;

– тіл мен ой өзара әрекеттестігін бақылауға мүмкіндік беретін рефлексияға қабілеттілігі;

– білім нәтижесі ретіндегі дискурсивтік (мәтіндік) қызметінің кеңдігі, тілдесімнің түрлі жағдаяттарында айтылымдар құрылымдау қабілеттері мен дағдылары;

– мәдениетте жинақталып сақталған риторикалық және көркем тәжірибеге сүйене отырып, дискурста өзіндік иллокутивтік ұстанымдарын жүзеге асыру дағдысы, яғни креативтілігі;

– жоспарланған сөз (көпшілік алдында айтылатын сөз) бен ая астынан сөйлейтін сөз үйлесімдігіне қабілеттілік, яғни сөйлеу тактикаларының икемділігі көмегімен стратегияға қол жеткізу;

– жақсы адресант пен адресат болу дағдысы, т.б.

«Мықты тілдік тұлға» концептісінің көлемі мәселенің қарастырылу кеңістігіне тікелей байланысты. Мұның біздің зерттеуімізге де қатысы бар. Өйткені бұл мәселе лингвистикалық және лингвистикадан тыс, қалайтынымыз бен мүмкіндік арасындағы теңгерімнен тәуелді. Оның басты үш өлшемшарты бар:

– тілдік құзыреттілік (тіл жүйесін меңгеруі);

– жанрлық құзыреттілік (жағдаятты шиеленіссіз жүзеге асыру тәсілдерін меңгеруі);

– когнитивтік-гносеологиялық құзыреттілік (ақпараттық кеңістікті, ғалам туралы білімді меңгеруі) [229].

Бұл ретте, көп жағдайда коммуникативтік құзыреттілік сөйлеушінің тартымды (харизмалық) жекелік қасиеттеріне негізделетін, ұтымды сөйлеу (дискурстық) қызметімен, коммуникативтік имиджімен байланыстырылады. Осы тұрғыдан келгенде, соңғы кездері имидж коммуникацияның тиімді арнасы ретінде «Паблик рилейшнз» деп аталатын пән жүйесінде белсенді түрде қарастырылып келеді. Аталған білім пәні кең коммуникативтік диапазонды қамтып, ғылымда орын алып, жинақталған риторикалық, стилистикалық, психолінгвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық білімдер интеграциясында қызмет етеді. Дискурстық талдаудың кең ауқымы кез келген таңбалық табиғаты бар (оның ішіне паралингвистикалық та құбылыстар кіреді: ым-ишара, мимика т.б.) феноменді сипаттауға мүмкіндік береді және ғылыми имиджеологияның негізін құрайды.

Аудиторияға әсер ету әдістерін іздестіру, сондай-ақ ақпараттық ортада жеке тұлғаға қолайлы жағдайларды жасау секілді шарттар, ең алдымен, әлеуметтік лингвистикалық мәліметтердің адресат факторымен байланысын есепке алуды қажет етеді. Мықты тілдік тұлғалар таным, ойы-пайымдау мен бағалау субъектісі мәртебесіне ие болып келеді. Себебі, олардың қызметі халық мәдениетінің кеңістігі мен ұлттық тіл бейнесін қалыптастырады. Мұндай тілдік тұлғалардың белгілері: жоғары тілдік құзыреттілік, қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар, белсенді қоғамдық көзқарас, ұстаным (соның ішінде тілдік саясат пен тілдік нормаға қатысты да), тілдік шеберлік, тілдің даму үрдістерін болжамдау дағдысы т.б. [230].

Дәстүрлі әлеуметтік лингвистиканың сөйлеушінің сөйлеу портретін сипаттауда мол тәжірибесі бар (Е.А. Земская, Л.П. Крысин, Т.М. Николаева, М.В. Китайгородская, Н.Н. Розанова т.б.). Қазіргі әлеуметтік лингвистиканың басты міндеті – мықты тілдік тұлға категориясын зерттеудің амал-тәсілдерін жетілдіру. Бұл жолда көптеген кедергілер бар: біріншіден, әлеуметтік

өзгерістер (Кеңес Одағы кезеңіндегі дискурс өзгешілігі), идеологиядағы өзгерістер, т.б. Осы кезге дейін, нақтырақ айтатын болсақ, өткен ғасыр соңына дейін жүргізілген бұқаралық әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер (сауалнама, бақылау, сұрақ-жауап, т.б.) тарихи сипатымен ерекшеленетіні белгілі. Ал қазір сол кезең үшін әлеуметтік маңызы бар кодтардың жойылуы тілдік тұлғаның түбегейлі өзгеруіне алып келгені де баршамызға мәлім. Себебі, нормативті бағытталған «дұрыс/дұрыс емес» тіркесімнің дәрежесі мен мазмұны күрт өзгеріске ұшырады және қазіргі таңда коммуникативтік сәтсіздіктер типологиясын сипаттау мәнмәтіні де өзгеше.

Функционалды стильдердің социологиямен тығыз сабақтастығы мен өзара әрекеттестігі қоғамның нормаға деген қарым-қатынасын өзгертті. Норма ұғымының өзі қоғамның сөйлеу мәдениетіне толыққанды ықпал етуі – тілдік норма идеясының әлеуметтік мәртебе идеясымен сәйкес келген жағдайда ғана іске асады. Норма теориясы сана туралы көзқарастар дамуын қажет етеді. Сөйлеу нормаларына ықпал ететін заманауи қоғам тілдік санасының қалыптасуы, ең алдымен, бұқаралық ақпарат құралдарына тәуелді (жарнама, интернет-ақпарат, түрлі тақырыптағы медиамәтіндер т.б.).

Ықпал етуші салалардың әлеуметтік лингвистика тұрғысынан талдануы – қоғамдық маңызы бар міндет, өйткені оның іске асуы әлеуметтік лингвистика мен социология арасындағы байланысты қажет етеді. Мәселен, әлеуметтік лингвистикалық аспектіде ықпал ету салаларды зерттеудің кейбір қырлары: саяси дискурс (билік тілі, политехнологиялар, саяси мифология, слогандар, т.б.; олар аталымдар мен бағалаудың өзгешелігін көрсетеді); жарнама дискурсы үнемі жастар субмәдениетінің өзекті лексиконын жасап, үздіксіз толықтырып отырады (сникерсни, фишка, бренд, тренд, т.б.). Санаға едәуір ықпал етіп, жеке тұлғаның өзіндік қасиеттер сертификатын енгізумен бара-бар.

Жарнамалық дискурс, радио- және телевизиялық слогандар жаңа мифология қалыптастыру үдерісінде белсенді рөл атқарады. Олар бұған дейін орын алған жарқын болашақ құрылысына бағытталған моральді-адамгершілік ұстанымдарды толық алмастырды. Жаңа рөлдік сананы интернет-коммуникация қалыптастырады. Әлеуметтік лингвистика енді ғана интерактивті тілдесімді зерттеуге кірісті. Ол нақты уақыт режимімен, ауани тілдесімнің идентификациялық белгілерімен сипатталады. Осыған орай, қоғамдық пікірді әлеуметтік лингвистика әдістерімен зерттеу тілдік саясаттың басты әрі маңызды өлшемшарты болып табылады. Көптілділік мәдени қоғамда тек әлеуметтік лингвистикалық мәліметтер ғана шынайы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік туғызады. Қазіргі әлеуметтік лингвистикадағы нақты осы уақыттағы тілдік ерекшеліктерді бағамдау келешек, болашақ тілдік бағдарды айқындауға септігін тигізеді.

Сонымен, қазіргі лингвистикада дискурс теориясы үлкен маңызға ие. Дискурстың лингвопрагматикалық анықтамасы – коммуникативтік жағдаятпен тығыз сабақтастықтағы сөйлеу. Яғни әлеуметтік мазмұны айқын көрініс табатын категория. Ол басты акцентті тілдік тілдесімнің уақыт барысындағы даму сипатына, оның үдемелілік (динамикалық) табиғатына қояды. Дискурс

өзінің шынайы табиғатына орай әлеуметтік болып келеді, себебі, кез келген коммуникативтік жағдаят аясында, міндетті түрде тілдесім орын алады. Ал, оның әрбір коммуникантының өз әлеуметтік мәртебесі бар.

Мысалы, мынандай тіл өміршеңдігінің маңызды салаларын зерттеу: іскери тілдесім тілі, көркем шығармалар тілі, ғылыми қолданыс тілі, т.б. осы күнге дейін қазіргі тіл білімінде өзінің жеке, дербес салаларын қалыптастырмай, дәстүрлі жұмсалымдық стилистика мен арнаулы мақсаттағы тіл теориясы шеңберлерінде қалып қойып отыр. Ал неліктен бұқаралық ақпарат құралдар тілін зерттеу медиалингвистиканың пайда болуына негіз болды? Бұл сұраққа жауап жалпы қазіргі қоғам өміріндегі, сонымен бірге тіл дамуындағы бұқаралық ақпарат құралдарының алатын ерекше ролінде болып отыр. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасыр басында бұқаралық ақпарат құралдар күрт өсуімен сипатталады: дәстүрлі БАҚ (баспасөз, радио, телевизия үнемі ақпараттық технологияларды жетілдіруімен айқындалды), жаһандық ақпараттық кеңістікті қалыптастырған Интернет бүкіл әлемдік компьютерлік желінің дамуы.

Аталған үдерістердің әлеуметтік маңыздылығы соншама, ақпараттық қоғам концепциясының пайда болуына алып келді. Оның аясында қоғамдық дамудың қазіргі кезеңі принципіалды түрде жаңа деп қабылданып, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар қоғамдық өмірдің барлық салаларына әсер етуімен сипатталады. Сонымен қатар, әлеуметтік-ақпараттық үдерістер тіл жұмсалымына да үлкен әсер етеді. Қазіргі таңда бұқаралық коммуникация сөз-қолданысының ең бір қарқынды саласына айналды. Әр сағат сайын БАҚ арналары бойынша таралып жатқан мәтін көлемінің жиынтығы тұрақты көбейіп өсуде. Бұл, бірінші кезекте, сөзқолданысының қарқынды дамып жатқан аталған салаға деген қызығушылықты арттырады, оның ішінде академиялық ғылым да тыс қалып қойған жоқ.

Кез келген жаңа ғылыми бағыттың пайда болуы пән құраушы базалық компоненттердің әзірлемесімен байланысты екені белгілі:

- 1) аталған сала бойынша барлық зерттеулердің бастапқы нүктесі болатын теория;
- 2) тұрақты ішкі құрылым;
- 3) әдіснама;
- 4) терминологиялық аппарат.

Медиалингвистиканың басты теориялық тірегі – медиамәтіннің ерекше концепциясы болып саналады. Өз кезегінде, ол медиасөйлеудің барлық түрлерінде орын алады. Бұл концепцияның маңызы – дәстүрлі лингвистикада қалыптасқан мәтіннің мына «мән-мағыналық байланыспен біріктірілген ретті таңбалық бірліктер. Оның басты қасиеттері – байланыстылық пен біртұтастық болып табылады» деген анықтамасын масс-медиа саласына ауыстарғанда, зерттеу шеңберлері әлдеқайда кеңейтіледі. Бұл ретте медиамәтін концепциясы вербалды деңгейдегі таңбалық жүйе шекарасынан шығып, «мәтін» ұғымының семиотикалық түсініктемесіне жақындай түседі. Ал бұл түсінік бойынша, ол кез келген, сондай-ақ тек вербалды ғана емес таңбалардың реттілігін меңзейді.

Зерттеу жұмысымыздың бұл тарауында біз қазақ және француз материалы негізінде қазақ, француз ғаламының тілдік бейнесінде «іскер әйел» ұғымы концептуалдануының әлеуметтік лингвистикалық аспектісін қарастырамыз. Яғни аталымдық өрісті құрылымдайтын, концептінің аталымдаушы бірліктері, тілдік сана ерекшеліктері, «іскер әйел» концептісінің өзгеше және құндылықтық белгілері айқындалады. Аталған жаңа әлеуметтік-мәдени құбылыс лингвистикалық бағыттардың кең спектрі үшін қызығушылық танытады.

3.2 Қазақстан медиадискурсындағы «іскер әйел» ұғымының концептуалдану ерекшеліктері

Біздің медиадискурстағы «іскер әйел» ұғымы концептуалдану ерекшелігін айқындауда респонденттерді екі топқа бөліп көрсетуді жөн санадық: қазақтардың тілдік санасында қалыптасқан белгілер мен Қазақстанда туып-өскен орыс этносы өкілдерінің өлшемдері. Себебі, мекендейтін жері бір болғанымен, түрлі ұлт өкілдерінің этникалық санасы өзгеше этникалық стереотиптерді айқындап, ғаламның ұлттық бейнесі, дүниетаным тетіктері, ділі мен тілі, қабылдау мен ойлаудың айрықша тетіктерімен сипатталады. Осы тұрғыдан келгенде, тілдік сана дегеніміз – күрделі психолингвистикалық, когнитивтік құбылыс. Ол адамдардың түрлі тілдесімі мен өзара әрекеттестігі қызметі барысында тілдік сананың көріністерінде орын алады.

Тұрақты бір жерде өмір сүрсе де, әр этностың тілдік санасы ерекше, өзгеше болатыны заңды, сонымен бірге ортақ, ұқсас тұстарын да жоққа шығара алмаймыз. Себебі, психологиялық тұрғыдан алғанда, тілдік сана өз алдына дайын құрылым емес. Ол адамның психикалық қызметінің, қоршаған ортаны, әлемді ұғынып түсіну үдерісінің нәтижесі. Яғни индивидтің қызметі барысында қол жеткізген, иемденген дүниесі [231]. Сондықтан да қазақ халқының санасы қазақ тілінде, ал орыс ұлты өкілінің санасы орыс тілінде айқындалатыны белгілі.

Әрине, мұндай мәселелер әлі де кең әдіснамалық парадигмада қарастырылуы тиіс, әсіресе біздің зерттеу нысанымыз этноәлеуметтаным мен этнокогнитивистика ғылымдарының мәліметтерін қажет етеді. Өйткені аталған үдерістер екіжақты құбылыстар қатарына жатады. Бір жағынан қарағанда, барлық этностар өзінің этникалық бірегейлігі мен тұтастығын сақтап қалуға тырысады, ал енді басқа бір қырынан алғанда, экономикалық қатынастардың, жаһанданудың, т.б. ықпал етуі, сонымен қатар, этносаралық, мәдени, ғылыми т.б. қатынастар салдарынан түрлі халықтар арасында үздіксіз жүріп жатқан интеграция үдерісі дәстүрлі этникалық байланыстардың әлсіреуіне алып келеді. Мұның барлығы мәдени инновациялардың алғышарттарына, мәдениаралық әмбебап құбылыстар қалыптасуы мен этникалық сана-сезім өзгерістеріне негіз болады.

Осы тұрғыдан келгенде, түрлі лингвомәдени қауымдастық өкілдерінің қатынасқа түсу жағдаятында толық өзара түсіністікке жету жолында тілдік тосқауыл жалғыз кедергі емес екенін ескеру қажет. Мәдениаралық тілдесім

үдерісі келесі шарттар салдарынан да қиындыққа тап болуы мүмкін: тілдесімге түсушілердің бір-бірінің әлеуметтік тәжірибесін білмеуі, басқа коммуниканттың тілдік санасының этникалық ерекшеліктерімен, менталитет өзгешелігімен таныс болмауы, т.б. Мұның барлығы «тіл мен мәдениет», «тілдік сана мен оның ұлттық-мәдени ерекшелігі», «тіл, сана, ұлттық тұлға мен оның ділі» секілді мәселелердің зерттелуін талап етеді.

Осымен байланысты әлеуметтік лингвистика және психолінгвистикалық маңызды мәселелер қатарына ауқымды әдіснамалық парадигма мен пәнаралық әдістің негізінде ғана шешімін таба алатын:

– біріншіден, «тіл», «сана», «жеке тұлға», «этнос» феномендерінің өзара байланысын айқындау;

– екіншіден, контрастивтік аспектіде «ұлттық тілдік сана» феноменін өзінің заттық, қызметтік және менталды формаларында зерттеу;

– үшіншіден, халықтың ұлттық-мәдени санасының имлицитті-эксплицитті формаларда көрініс беруіндегі тілдік элементтердің рөлін айқындап сипаттау, т.б. мәселелері жатады.


Осы айтылған мәселелерге сәйкес, біз жұмысымызда ұлттық тілдік сананы сипаттауда барынша кешенді әдістерді пайдалануға тырыстық. Біздің зерттеуіміздің өзектілігі алғаш рет түрлі лингвомәдени қауымдастықтар өкілдері тілдік санасының дескрипциясы ұсынылуымен сипатталады. Жұмыста төмендегідей мәселелердің жекелеген тұстарына назар аудардық: 1) сана, тіл, этнос жеке тұлғасының (тілдің семантикалық саласы жеке тұлғаның психикасымен тығыз байланысты болып келеді) байланыс формалары; 2) ұлттық тілдік сана мен ділінің ұлттық-мәдени ерекшелігін айқындайтын мәдениет өлшемшарттары; 3) этникалық дерек және интеграциялық үдерістер ықпалынан этникалық өзін-өзі тануда өзгерістер орын алу мәселелері, т.б. Осыған орай, біз зерттеуімізде «тіл, сана, сөйлеу, ойлау» құбылыстарын екі түрлі қатынастар негізінде қарастырамыз: а) «тіл – сана» (лингвокогнитивтік кіші жүйе); ә) «тіл – ойлау, сөйлеу – ойлау» (лингвокоммуникативтік кіші жүйе).

Сондықтан да, біздің тұжырымдауымыз бойынша, белгілі бір лингвомәдени қоғам өкілі ретіндегі адамға тиесілі тіл, сана, сөйлеу, ойлау құбылыстардың арақатынасын зерттеу мәселелері түрлі тілдесім жағдаяттарында өзекті сипатқа ие болатын адамның сөйлеу-ойлау қызметіндегі тілдік сана жұмсалымының ерекшеліктерін ескеру аса маңызға ие. Бұл ретте сананың өзі де ерекше қарастырылуды қажет ететін құбылыстар қатарынан орын алады. Себебі, сананың мәртебесі – өз және өзге мәдениеттің таным құралы болуымен танылады. Біз жұмысымызда тілдік сананы ұлттық қоғамдық сананың бір бөлігі ретінде қабылдаймыз. Яғни «тіл», «сана», «сөйлеу», «ойлау» феномендерінің өзара байланысы мен өзара сабақтастығын есепке алу негізі. Ал бұл белгілі бір лингвомәдени қауымдастықтың ұлттық мәдениеттерімен тығыз байланыста болатын түрлі этностар тілдік санасының ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеудің нақты материалы түрлі дереккөздерден алынды. Дереккөздер ретінде: 1) медиакурс мәтіндерінен,

публицистикадан іріктеп алынған мәліметтер; 2) экспериментті мәліметтер – информанттардың ассоциативтік мінез-құлқын қарастыру, сондай-ақ информанттардан «Google Forms» қосымшасы көмегімен онлайн жүргізілген сауалнама нәтижелері тартылды. Негізгі информанттар қазақ, орыс, француз тілдерінің иелері, яғни қазақ, орыс, француз этностарының өкілдері.


І Қазақ тілді респонденттердің қорытынды нәтижелері

Бұл сұрақ-жауап түріндегі сауалнамаға қазақ ұлтының 100 өкілі қатысты. Респонденттердің жасы: 20-35 жас аралығында – 52 респондент, 35-тен жасы жоғары – 47 адам және 60-тан жасы жоғары – 1 респондент (7-сурет).



Сурет 7 – Респонденттердің жас көрсеткіштері

Респонденттердің жынысы мәселесіне келер болсақ, мүмкіндігінше сұрақ-жауапқа ерлерді қатыстыруға тырыстық. Оның ішінде: әйел азаматтарының саны – 82, ерлер саны – 18 құрады. 8-суретте түрінде келтіретін болсақ.



Сурет 8 – Респонденттердің жыныс көрсеткіштері


«Іскер әйел» концептісін анықтауға арналған сауалнамаға алуан түрлі мамандық иелері қатысты: аудармашы – 17 адам; мұғалім, оқытушы – 44; филолог – 16; тәрбиеші – 4; заңгер – 2; IT саласының маманы – 1; менеджер – 1; есепші – 2; халықаралық қатынастар саласының маманы – 1; аспаз – 1; экономист – 1; жеке кәсіпкер – 1; студент – 1; қаржыгер – 1; журналист – 1; құрылысшы – 2; шаштараз – 1; медбике – 1; зейнеткер – 1; әскери қызметкер – 1 т.б.

Респонденттер төмендегідей сұрақтарға жауап берді:

1. Іскер әйелдер өздерінің кәсіби қызметтері бойынша т.б. лауазымдарын атқарып келеді немесе өз нұсқаңызды ұсыныңыз?

Менеджер – 24 жауап, топ-менеджер – 14 жауап, сұлулық салонының директоры – 31 жауап, бас директор – 23 жауап, қаржы директоры – 21 жауап, журналдың бас редакторы – 15 жауап, саясаттағы әйел – 22 жауап, дүкен/бутик иесі – 33 жауап, кәсіпкер әйел – 62 жауап, компанияның негізін қалаушы – 22 жауап, өндіріс басшысы – 9 жауап (үй шаруасындағы әйел, профессор, мұғалім, студент, медицина саласындағы қызмет ететін әйел – 1 жауаптан) т.б. (9-сурет).

4. Іскер әйелдер өздерінің кәсіби қызметтері бойынша ___ т.б. лауазымдарын атқарып келеді немесе өз нұсқаңызды ұсынсаңыз болады?




Сурет 9 – Іскер әйелдің мамандығы (қазақ тілді респонденттер)

2. Заманауи іскер әйелдерге төмендегідей қасиеттер мен қабілеттер тән келеді немесе бұл тізімді өз ойыңызбен, пікіріңізбен толықтырыңыз

Жоғары білімді болуы қажет – 59 жауап, басты қасиеті еңбекқорлық – 72 жауап, табандылық – 34 жауап, құзыреттілік – 18 жауап, икемділік – 46 жауап, жоғары кәсіби қабілеттерге ие болуы керек – 46 жауап, амбициясы жоғары әйел – 33 жауап, жауапкершілігі жоғары – 63 жауап, жақсы тәрбие алған – 28 жауап, харизма/аса дарын иесі – 26 жауап, прагматизммен ерекшеленетін тұлға – 8 жауап т.б. (10-сурет).

5. Заманауи іскер әйелдерге төмендегідей қасиеттер мен қабілеттер тән келеді ___ т.б. немесе бұл тізімді өз ойыңыз бен пікіріңізбен толықтырсаңыз болады?



Сурет 10 – Іскер әйелге тән қасиеттер көрсеткіші (қазақ тілді респонденттер)

3. Іскер әйелдердің жеке өміріне қатысты: белгілі бір қызметте табысқа жету үшін, алдымен, мансаптық өсуді жүзеге асырып, мол ақша тауып, содан кейін ғана отбасын құру қажет. Яғни іскер әйелдердің басым көпшілігі жалғызбасты, отбасы мен балалары жоқ адамдар. Мына жауаптың біреуін таңдаңыз немесе өз пікіріңіз бен көзқарасыңызды келтірсеңіз болады.

ИӘ – 29 жауап, ЖОҚ – 61 жауап, екеуі де тән келеді – 4 жауап. Өз ойы мен пікірін білдірген респонденттер (11-сурет):


А. Әйел адам – отбасы берекесін, үйдегі гармонияны ұстайтын адам. Сондықтан да, жақсы көңіл-күйін, махаббатын, энергиясын отбасына: жұбайына, балаларына жұмсағаны жөн деп есептеймін.

